

#КүшімізБірлікте

Рамазан айында имандылық, жанашырлық және мейірімділік сияқты мызғымас құндылықтардың қадірі арта түседі... Қасиетті ораза айында бүкіл мұсылманның жүрегін қуаныш кернеп, жұртымыз татулық пен тыныштыққа бөлене берсін.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРАЗА-2022



АУЫЗАШАР – САУАПТЫ ІС

9

СПОРТ



ЕЛІМІЗДІ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТУ – МЕН ҮШІН ҮЛКЕН МӘРТЕБЕ

10

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 8 сәуірдегі мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 097 597

II компонентпен

1 076 685

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 8 сәуірдегі мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **9 461 797** адам,

II компонентпен **9 190 269** адам

вакцина салдырды.

Ревакциналандығандар саны –

3 417 232

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

9.04.2022

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+22+24 °C

Көшпелі бұлтты, күннің екінші жартысында жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: **3-8, күндіз найзағай кезінде екпіні 13 м/с**

10.04.2022

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай



Желдің жылдамдығы: **3-8 м/с**

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №37 (6172) 9 сәуір, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

5G ТЕХНОЛОГИЯ СЫНАҚТАН СӘТТІ ӨТТІ



Мемлекет басшысы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусинді қабылдады

Бағдат Мусин Мемлекет басшысына мобильді операторлардың Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында 5G технологиясының сынақтан сәтті өткізілгені туралы баяндады. Оны 2022 жылы республикалық маңызы бар қалаларда коммерциялық мақсатта іске қосу жоспарланып отыр.

Президентке Қазақстанды цифрландыру аясында энергетика, жер қойнауын пайдалану, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, жерді қашықтан зониттау спутниктерін пайдалана отырып, су және жер ресурстарын мониторингтеу салаларындағы бірқатар стратегиялық жоба туралы айтып берді.

2

ӘКІМ

МАҚСАТ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК!

Ағымдағы жылы жалпы сомасы 13,3 млрд теңге болатын 13 жобаны іске асыру жоспарланған

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында Индустриалды аймақтың даму перспективаларымен және мәселелерімен танысты.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Шаһар басшысы Hyundai Trans Kazakhstan жеңіл автомобиль шығаратын зауытта болды. Кәсіпорында ірі және ұсақ торапты құрастыру, шанақты дәнекерлеу, лак-бояу жабынын жағу, интерьерді орнату және құрастыру бойынша өндірістік процесс жолға қойылған. Өткен жылы зауыт 26 мың автокөлік өндірді, ел бюджетіне 9,4 млрд. теңге салық аударылды. Ағымдағы жылы кәсіпорын толық қуаттылыққа шығып, 45 мың автокөлік шығаруды көздеп отыр.

3

ҚЫСҚА...

- Мегополисте алма ағашын заңсыз кескендер анықталды.
- Айыппұлы төленбеген көліктер арнайы тұраққа қойылады.
- Бүгін Дюссельдорфтың «ISS Dome» стадионында «ARNAU» концерттік туры аясында белгілі қазақстандық әнші Димаш Құдайберганның концерті өтеді.
- Бүгін сағат 09.00-ден 21.00-ге дейін Бостандық ауданындағы Әбіш Кекілбайұлы мен Тоқаш Бокин көшелерінің қиылысында көлік қозғалысы уақытша шектеледі.
- Бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін 950 грант беріледі. Өтінімді business.enbek.kz порталы арқылы беруге болады.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!



ПРЕЗИДЕНТТИҢ САЯСИ РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

САЙЛАУ ПРОЦЕСІН ЖАҢҒЫРТУ

✓ Орталық сайлау комиссиясы мүшелері мен өкілдерінің партия қатарынан шығуы міндеттеледі

✓ Аймақтық сайлау комиссиясын тұрақты жұмыс істейтін, кәсіби мамандардан жасақтау қажет

✓ Бақылаушылардың қызметін Заң жүзінде реттеу

✓ Сайлаушылардың бірыңғай электронды базасын қалыптастыру

✓ Дауыс беру процесінің балама түрлерін кезең-кезеңімен кеңейту

✓ Жекелеген тұлғалардың ықпал етуін болдырмау мақсатында сайлау қорларына аударылатын қайырымдылықтың шекті көлемін белгілеу

✓ Сайлау процесіне шетелдердің араласуын болдырмау принципі күшейту

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:
«Жаңа Қазақстанның іргетасы саяси және экономикалық реформалардың үйлесімді байланысы негізінде қалануға тиіс».

(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).

#ЖаңаҚазақстан
#Жолдау2022

Almaty
AQSHAMY



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

5G ТЕХНОЛОГИЯ СЫНАҚТАН СӘТТІ ӨТТІ

Мемлекет басшысы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусинді қабылдады

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаевқа министрліктің былтырғы атқарған жұмыстарының қорытындылары, цифрландыру және IT саласының даму перспективалары жөнінде, сондай-ақ телекоммуникация бағытындағы жұмыстың сапасын арттыруға қатысты Президент тапсырмаларының жүзеге асырылуы

туралы есеп берілді. Министрдің айтуынша, адам мүддесіне қызмет ететін сервистерді енгізу аясында ең қажетті деген 18 құжат жеке деректерді қорғау шараларын міндетті түрде сақтай отырып, платформаны танымал ету арқылы цифрлық форматқа ауыстырылған.

Бұдан бөлек, Бағдат Мусин Қасым-Жомарт Тоқаевқа «цифрлық теңсіздікті» жою,

интернетпен қамтамасыз етуге және оның сапасына қатысты бақылау шараларын күшейту жөніндегі тапсырмаларының орындалуы туралы да есеп берді. Былтыр 628 елдімекенде Интернет сапасы жақсартылса, биыл тағы да 140 ауылда осындай жұмыстар жүргізілмек.

Сонымен қатар, министр телекоммуникация нарығын одан әрі дамыту жоспарын ұсынды. Атап айтқанда, «Қазақтелеком» ак-

ционерлік қоғамының компаниялар тобын монополиядан арылту жұмыстары жүргізіледі, бәсекелестік ортаны жақсартуға бағытталған бірқатар заңнамалық бастама қабылданбақ.

IT саласын дамытуға баса мән берілді. Astana Hub технопаркінің жұмысы, соның ішінде шетелдік IT компанияларды Қазақстанға әкелу туралы айтылды.

Президент отандық IT секторды қолдауға бағытталған нақты шаралар әзірлеуге және халықаралық нарықта жетістікке жеткен шетелдік IT компанияларға көмек көрсетуді тапсырды.

Кездесу барысында министр «ҰАТ» акционерлік қоғамының ресурстары негізінде осындай жобаларды жүзеге асыруда тәжірибесі бар отандық IT компаниялардың сарапшыларын тарта отырып, цифрландыру платформасын құруды ұсынды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАРЛЫҚ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық атқарушы органдар басшыларының халықпен кездесу өткізу тәртібі туралы жаңа Жарлыққа қол қойды, деп хабарлайды «АҚШАМ-АҚПАРАТ», Ақорданың ресми сайтына сілтеме жасап.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

ОРТАЛЫҚ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР БАСШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 10, 17 және 21-баптарына сәйкес және қазақстандық қоғамды одан әрі демократияландыру, халықтың елде жүргізіліп жатқан реформалар туралы хабардар болуын арттыру, атқарушы органдардың халық алдындағы жауаптылығы мен есептілігін күшейту, мемлекеттік басқару процесіне халықты кеңінен тарту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Орталық атқарушы органдардың (Қазақстан Республикасының Қорғаныс, Сыртқы істер министрліктерін қоспағанда) басшылары жыл бойы халықпен тұрақты кездесулер өткізсін.

2. Орталық атқарушы органдар басшыларының халықпен кездесулерінің кестесін (бұдан әрі – кесте) қалыптастыру мен бекітудің мынадай тәртібі белгіленсін:

1) жыл сайын 1 желтоқсанға дейін орталық атқарушы органдар алдағы күнтізбелік жылға арналған кестені қалыптастыру үшін ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар жіберсін;

2) жыл сайын 15 желтоқсанға дейін ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган кестенің жобасын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне енгізсін;

3) жыл сайын 10 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі кестені бекітсін.

3. Орталық атқарушы органдардың (Қазақстан Республикасының Қорғаныс, Сыртқы істер министрліктерін қоспағанда) басшылары:

1) қандай да бір өңірде жетекшілік ететін салада жағдайдың нашарлау тәуекелдері болжанған не туындаған жағдайда, халықпен кестеден тыс кездесу өткізсін;

2) техникалық мүмкіндіктерді ескеріп, халықтың әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарда пікір білдіру мүмкіндігін міндетті түрде бере отырып, онлайн-трансляциялар, сондай-ақ қажет болған жағдайда бейнеконференцбайланыс ұйымдастыру арқылы кездесулер өткізуді қамтамасыз етсін;

3) кездесу үшін жоспарланған уақыттың төрттен бірден аспайтын бөлігін – баяндаманы таныстырып, уақыттың қалған бөлігін «сұрақ-жауап» форматында өткізсін;

4) кездесулер өткізудің барлық кезеңінде ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті органмен тұрақты ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етсін;

5) халықпен кездесу өткізгенге дейін: халықтың пікірін ескере отырып, оны өткізу күні мен уақытын айқындауды;

ресми интернет-ресурстарға, орталық атқарушы органдар басшыларының блог-платформасына, коммуникацияның басқа да нысандарына және әкімдердің халықпен кездесулерінің қорытындылары бойынша халықтан келіп түскен сұрау салулар мен ұсыныстарды жинауды, талдауды қамтамасыз етсін;

6) халықпен кездесу өткізу шеңберінде: азаматтарға жеке қабылдау жүргізуді; коммерциялық емес ұйымдармен кездесулерді;

бұқаралық ақпарат құралдарына арналған брифингті қамтамасыз етсін;

7) халықпен кездесу өткізгеннен кейін: айтылған барлық проблемалық мәселелерді жүйелеуді;

кездесулер мен азаматтарды қабылдау аяқталған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей, өткізілген кездесулердің қорытындылары туралы ақпаратты, проблемалық мәселелердің тізбесін, проблемалық мәселелерді шешудің нақты мерзімдерін, жауапты орындаушыларды көрсете отырып, оларды шешу жөніндегі іс-қимыл жоспарын бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде ресми интернет-ресурстарда орналастыруды;

кездесулерде халық көтерген проблемалық мәселелерді шешу барысы туралы ақпаратты орталық атқарушы органның ресми интернет-ресурсында тоқсан сайын орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Барлық деңгейдегі әкімдер:

1) орталық атқарушы органдар басшыларының халықпен кездесулеріне қатыссын;

2) кездесулер өткізуді, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және әкімдіктердің (әкім аппараттарының) ресми аккаунттарында, әлеуметтік желілерде және жалпыға бірдей қолжетімді жерлерде ақпараттық-на-

ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ БЕКІТІЛДІ

Ол мемлекеттік басқару процесіне халықты кеңінен тарту мақсатын көздейді



сихат жұмыстарын ұйымдастыруда орталық атқарушы органдарға қолдау көрсетсін;

3) әкімдердің халықпен кездесулерінің қорытындылары бойынша өңірдің орталық атқарушы органдар, ұлттық холдингтер мен компаниялар деңгейінде шешуді талап ететін жүйелі проблемаларын жинақтап-қорытын және кездесулер өткізу кезінде есепке алу үшін жарты жылда бір рет құзыреті бойынша орталық атқарушы органдарға жіберсін.

5. Ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган:

1) республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында кездесулер өткізілетінін хабарлауды және олардың өткізілу барысы мен нәтижелерін кеңінен ақпараттық жария етуді;

2) орталық атқарушы органдар қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау шеңберінде кездесулер өткізу нәтижелерін есепке алуды;

3) халықпен кездесулер өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекітуді және орталық атқарушы органдардың назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) кездесулер өткізудің қорытындыларын жартыжылдық негізде қарасын;

2) әлеуметтік шиеленістің және қоғамдық-саяси жағдайдың тұрақсыздануының жоғары тәуекелдері болған жағдайда, орталық атқарушы органдардың кездесулеріне Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарларының қатысуын қамтамасыз етсін;

3) орталық атқарушы органдардың бірінші басшылары орынбасарларының және ведомстволары төрағаларының халықпен тұрақты кездесулер өткізуін қамтамасыз етсін;

4) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

7. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

8. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.ТОҚАЕВ**

Нұр-Сұлтан, Ақорда,
2022 жылғы 7 сәуір №863



ӘКІМ



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

(Басы 1-бетте)

Сондай-ақ, Ерболат Досаев автокомпоненттер шығаратын зауыттың жобасымен танысты. Жаңа кәсіпорын орындықтарды, автокөліктерге арналған пластикалық бөлшектер мен аксессуарларды, сондай-ақ мультимедиялық жүйелерді шығарады. Зауыт құрылысы биылғы күзге жоспарланған. Компания тағы бір автомобиль зауытын салу және шама бөлшектерін штамптау өндірісін іске қосу жоспарлары туралы хабарлады. Кәсіпорын өндірісті локализациялауды арттыруға ниетті екендіктерін жеткізді.

«Мұндай жобалар Алматының әлемдегі дамыған қалалардың арасында бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік береді. Оған қоса, жаңа экономикалық моделінің өсуінің негізіне айналады. Экономиканың құрылымдық маневрінің басты мақсаты да осы. Экспорттық өндірістерді дамыту және әлемдік жоғары технологиялар экономикасындағы біздің өндірушілердің үлесін кеңейту қала экономикасын әртараптандыруға мүмкіндік береді», – деді Ерболат Досаев.

Алматы қаласының әкімі жобалық қуаты жылына 100 мың тонна өнім шығаратын үлкен диаметрлі Asia Steel Pipe Corporation болат дәнекерлі құбырлар шығаратын зауытқа (компания дайын өнімдерді Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, РФ, Қытай, Қырғызстан сияқты таяу шетелдерге экспорттауды жоспарлауда), қуаттылығы жылына 20 млн бірлік өнім беретін (экспорттау жоспарлануда, негізінен РФ-на) Valtherm алюминий және біметалл радиаторларын шығаратын кәсіпорынға, қуаты жылына 7,2 мың тонна көкөніс өндіретін BRB АРК жылыжай кешеніне (қазақстандық өткізу нарығынан басқа, компания өнімді РФ-ға және БАӘ-ге экспортқа жеткізеді) барды. Жалпы алғанда, бұл жобаларға 71,5 млрд теңге инвестицияланды, 1200-ден астам жұмыс орны құрылды.

Қала басшысы индустриалды аймақтағы инженерлік инфрақұрылымының жағда-

МАҚСАТ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК!

Ағымдағы жылы жалпы сомасы 13,3 млрд теңге болатын 13 жобаны іске асыру жоспарланған



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



«One – stop – shop» принципі бойынша инвесторлардың жұмысын жеңілдету үшін «Алматының индустриалды аймағы» ЖШС атынан бір уәкілетті операторды қалдыруды тапсырамын, өзгеге берілген функциялар мен активтерді компанияға қайтару қажет. Осы нақты жағдайда бір оператор индустриалды аймақты дамыту және қолдау мақсатында жұмыс істейтін болады», – деп атап өтті қала әкімі.

йымен танысты. Бүгінде 2017 жылы салынған «Индустриалды» теміржол станциясын составтардың жойылу қаупіне байланысты көліктік бақылау инспекциясы жауып тастаған. Тағы бір нысан – кірме теміржолдар 2018 жылы ақауларымен қабылданды. Теміржол станциясы мен жолдардың құрылысы тұрғындар үшін тиімді логистиканы қамтамасыз етіп, олар өндіретін өнімнің өзіндік құнына оң әсер етуі тиіс. Ерболат Досаев станция мен кірме жолдарды пайдалануға беру үшін қажетті жұмыстарды аяқтауды, сондай-ақ оларды қабылдаудың ақаулы фактілерін ағымдағы жылдың 30 қазанына дейін мұқият шешуді тапсырды.

Алматы қаласының әкімі сондай-ақ, 2018 жылы салынған, бірақ пайдалануға берілмеген нөсер (жаңбыр) кәрізінің жұмыс істемейтін жүйесімен танысты. Қала басшысы қала әкімдігінің уәкілетті басқармаларына мердігер ұйымының міндеттемелеріне тексеріс жүргізіп, материалдарды құқық қорғау органдарына беруді тапсырды.

«Біз жауапсыз мердігердің мәселесін

анықтаймыз, бірақ қазір бізге нөсерлік кәріз жүйесін ретке келтіріп, оны өнеркәсіптік пайдалануға беру маңызды», – деді Ерболат Досаев.

Жұмыс сапары барысында қала басшысы индустриалды аймақты энергиямен қамтамасыз ету жөніндегі өзекті мәселелермен танысты. Қазіргі уақытта №12 қосалқы станция ғимараты жөндеуді қажет етеді, оның тірек конструкцияларында топырақтың түсуіне байланысты жарықтар пайда болған, бүгінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу қажет. Ерболат Досаев оларды ағымдағы жылдың қыркүйегіне дейін аяқтауды тапсырды.

Алматы қаласының әкімі өңірлік үйлестіру кеңесі мүшелерінің, индустриалды аймақтың жұмыс істеп жатқан және әлеуетті резиденттерінің қатысуымен кеңес өткізді. Бүгінде индустриалды аймақта қызмет көрсететін компаниялардың функцияларын бірден екі компания орындайды – бұл «Алматының индустриалды аймағы» ЖШС және «АИА инфрақұрылым операторы» ЖШС.

Кеңес барысында индустриалды аймақтың аумағын кеңейту, бір білім беру кластері базасында кадрлар даярлау, сондай-ақ қала тұрғындарын кәсіпорындарға жұмысқа орналастыру мәселелері талқыланды.

Ағымдағы жылы жалпы сомасы 13,3 млрд теңге болатын 13 жобаны іске асыру жоспарланған, ал 2025 жылға қарай өндірістік үй-жайлардың жалпы ауданы 250 мың шаршы метр болатын тағы 40 өндірістік паркті пайдалануға беру жоспарлануда.

ЖОБА

ЗАҢ КҮШЕЙІП, АЙЫППҰЛ АРТАДЫ

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы негізінде көлік жүргізушілеріне салынатын айыппұлдар өсуі мүмкін. Бұл өзгерістер әлі заңды күшіне енген жоқ. Жоба «Ашық НҚА» порталында жарияланып, 19 сәуірге дейін талқыланады.



Досбол
АТАЖАН

Аталмыш заң жобасының негізінде келесідей өзгерістер орын алуы мүмкін:

- Жаңа заңнамада рұқсат етілген сағатына 40 шақырым жылдамдықты асырғаны үшін 20 АЕК немесе 2022 жыл бойынша 61 260 теңге мөлшерінде айыппұлға жеткізу көзделген;
- Белгіленген жылдамдыққа байланысты ережені қайта бұзғаны үшін 60 АЕК немесе ағымдағы жылы 183 780 теңге айыппұлға жеткізу көзделген;
- Техникалық қызмет көрсету

орталықтары тексеріс барысында заң бұзушылықтарды жасыратын болса, 30 АЕК немесе 91 890 теңге көлемінде айыппұл салу және техникалық қызмет көрсету орталықтары тізілімінен үш жылға дейінгі мерзімге алып тастау жоспарланған (қазіргі уақытта техникалық қызмет көрсету орталықтары полицияға белгіленген бірнеше заң бұзушылықтарды хабарлауға міндетті);

- Техникалық қызмет көрсету орталықтары жалған тексеріс жүргізетін болса, 300 АЕК немесе 918 900 теңге мөлшерінде жаза, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету операторларының тізілімінен алып тастау

және үш жылға дейінгі мерзімге қызметке тыйым салу қарастырылған;

- Жүргізуші техникалық тексерістен өту заңнамасын 12 ай ішінде қайта бұзған жағдайда 20 АЕК немесе 61 260 теңгеге дейін соманы арттыру қарастырылған;
- Тұрақ ақысы уақытылы төленбеген жағдайда, 3 АЕК немесе 9189 теңге мөлшерінде айыппұл салыну жоспарланған;
- Теміржол өткелдерін кесіп өту ережелерін бұзғаны үшін 2022 жылға 10-нан 20 АЕК-ке дейін немесе 30 630-дан 61 260 теңгеге дейін айыппұлды қатаңдату көзделген;
- Қазіргі уақытта қарсы жолаырығына шыққаны үшін азаматтарға жүргізуші куәлігінен жарты жылға айыру жазасы қолданылуы мүмкін. Алайда, мүгедектігі бар адамдарға бұл жазаны қолдану мүмкін емес. Сондықтан ӘКБТК-нің 596-бабына өзгерістер енгізіліп, мүгедектігі бар адамдар қарсы жолаққа шыққаны үшін 30 АЕК (91 890 теңге) мөлшерінде айыппұл салыну қарастырылған.

ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

АКАДЕМИККЕ ҚҰРМЕТ

Белгілі ғалым Құлжабай Қасымовтың мемориалдық тақтасы ашылды

Құлжабай Әбдіхалықұлы Қасымов өзінің барлық кәсіби жолын математикаға арнады. Үлкен дарын иесі – физика-математика ғылымының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі. Ол математиканың дамуына зор үлес қосты.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Құлжабай Қасымов Алматы облысы, Көксу ауданы, Талапты ауылында 1935 жылы дүниеге келген. Мектепті бітіргеннен кейін болашақ ғалым Алматыға көшіп, Киров атындағы ҚазМУ-ға (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) оқуға түседі, кейіннен аспирантура оқып, бірнеше жыл жұмыс істейді. Кейін ҚазКСР Ғылым академиясының математика және механика инсти-

тутында еңбек етті. Ал 1980–1987 жылдары Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ректоры болды. Ғалым математикадан ондаған еңбектер жазды, көптеген оқушылар тәрбиеледі.

Құлжабай Қасымов 2014 жылы қайтыс болды. Енді математиктің есімі әл-Фараби даңғылындағы №63/17 үйге орнатылған мемориалдық тақтада мәңгі сақталады. Ескерткіш-тақтаның салтанатты ашылуына ғалымның туыстары, достары, әріптестері, шәкірттері, сондай-ақ қала әкімдігінің өкілдері мен қоғам қайраткерлері қатысты.





ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ!

МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ

біртұтас механизмдей жұмылып жұмыс істегенде ғана мақсатымызға жете аламыз

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ірі бизнес өкілдерімен кездескен кезінде Қазақстанда бай мен кедей арасындағы алшақтық ұлғайып кеткенін айтты. Тіпті, бұған жол беруге болмайтынын жеткізді.

Серік
ЖУМАБАЕВ

«11 қаңтарда Парламентте айтқанымдай, бай мен кедей арасындағы алшақтық жол беруге болмайтын деңгейге жетті. Жемқорлық жағдайында табыс алшақтығы оқ-дәрі толы бөшкеге жаққан сіріңкедей әсер етті. Оны террористер, содырлар мен оқиға артында тұрған адамдар пайдаланып кетті», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚР Президенті халық табысының азаюын ұлттық қауіпсіздікке төнген қатер деп атады. Президенттің айтуынша, Қазақстан халқының жартысының кірісі 50 мың теңгеден аспайды, мұндай ақшаға өмір сүру мүмкін емес.

«Мемлекеттің басты міндеті – отандастарымыздың игілігі мен тұрмыс сапасын қамтамасыз ету. Әділ бәсекеді дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау, мемлекеттік қолдау шараларының ашықтығы – жаңа экономикалық бағыттың негізгі қағидалары. Үкімет ұлттық валютаның тұрақты бағамын қамтамасыз етуге басымдық беруге тиіс. Теңгені бекем демей және инфляцияны төмендетпей, орнықты экономикалық өсімге қол жеткізу, азаматтардың әл-ауқатын арттыру, инвесторлардың сеніміне ие болу мүмкін емес», – деп жазды Қ.Тоқаев Twitter-де.

Шынында да, қай кезде болсын халықты әлеуметтік қорғау және халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту мәселелері мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Ата Заңымыздың 28-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматы жасы келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі. Сондықтан Ата Заң аясында әрбір азаматымыз мемлекет назарынан тыс қалмайды.

Бұған Мемлекет басшысының түрлі салада мемлекеттің өсіп-өркендеуі үшін жылдар бойы терін төккен зейнеткерлердің әлеуметтік жағдайын үнемі назарынан тыс қалдырмай, оларды қамқорлығына алу саясаты ықпал етері анық.

Мемлекет басшысының әлеуметтік саладағы саясатының басты мақсаты халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту, өмір сүру деңгейін тұрақты түрде арттырып отыруға негізделген. Осыған орай, халықты әлеуметтік қорғау және оны мемлекет тарапынан қолдап отыру еліміздің ішкі саясатының басым бағыттарының бірі ретінде қалыптасып отыр.

Мұның алдында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пандемиядан кейінгі кезеңдегі елді одан әрі дамытуға, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға, сапалы біліммен қамтуға, өңірлік саясатты жетілдіруге, еңбек нарығында тиімді экзистенция құруға, саяси жаңғыруға, адам құқығын қорғау мен ұлттық ұйыстыруға бағытталған бастамаларын жариялады.

«Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың беді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік. Мемлекеттілігімізді нығайту үшін бір Ел болып еңбек етіп жатырмыз. Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалынды сөз емес. Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы. Барлық бастамамыз осыған бағытталуда», – деді Президент.

Мемлекет басшысы Жолдаудың негізгі басымдықтарын айқындап, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру – өзінің Президент ретіндегі басты мақсаты екенін атап өтті.

Бұл мақсат қазір кезең-кезеңмен орындалып келеді. 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 42 500 теңгеден 60 мың теңгеге дейін көбейтілді. Бұл шара 1 млн адамды тікелей қамтитын болса, еңбек етіп жүрген барлық азаматтарға жанама түрде әсер етеді.



Сонымен бірге, Мемлекет басшысы соңғы 10 жылда кәсіпорын иелерінің табысынан 60 пайызға артта қалып келген еңбекақы қорын көтеру қажеттігін айтты.

Осы орайда, Үкіметке жұмысшылардың жалақысын көтеру үшін бизнесті ынталандыру шараларын әзірлеуді тапсырды. Жұмысшыларының жалақыларын өсірген жұмыс берушілерге сатып алуларда жеңілдік қарастырылып, мемлекеттік қолдауда басымдық беріледі.

Үшіншіден, Мемлекет басшысы микро және шағын кәсіпкерліктің еңбекақы төлеу қорынан алынатын бірыңғай төлем көлемін 34 пайыздан 25 пайызға дейін төмендетуді ұсынды. Бұл бизнестің мыңдаған қызметкерін «көлеңкелі айналымнан» шығаруға, зейнетақы, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйелерінің толық қатысушысы болуына ықпал етеді.

Төртіншіден, Президент 2022 жылдан 2025 жылға дейін мәдениет қызметкерлерінің, мұрағатшылардың, кітапханашылардың, техникалық қызметкерлердің, қорықшылардың, көлік жүргізушілерінің және басқалардың жалақысын жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіруді тапсырды. Бұл бастаманың игілігін тұтастай алғанда тағы 600 мың қазақстандық көреді.

Бесіншіден, Қасым-Жомарт Тоқаев зейнетақы қорындағы жинақтың алуға болатын бөлігін «Отбасы банктегі» есепшотқа аударып, сол арқылы баспана сатып алуға рұқсат беру керек деп санайды. Оның айтуынша, бұл

қаржыны дұрыс жинап, сауатты пайдалану дағдысына үйретеді.

Президент Парламент депутаттарына әрбір заң жобасының қыр-сырына терең үніліп, оны сапалы дайындауға шақырды. Халықтың мүддесін қорғау жолында әрдайым табандылық танытуы керек екеніне ерекше тоқталды. Мемлекет басшысының айтуынша, әрбір шешім елдің сұранысын да, мемлекеттің мүмкіндігін де ескере отырып қабылдануы қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс істеуі қажет екенін еске салды.

– Мемлекет басшысының саясатына күмәнмен қарайтындар, жұмысын атқара алмайтындар, уақыт өткізіп босқа отыратындар мен Президенттің тапсырмаларын орындаудан жалтаратындар болса, қызмет орындарын босатулары керек. Біз қазір дамуымыздың шешуші кезеңіне қадам бастық. Мемлекеттік аппарат біртұтас механизмдей жұмылып жұмыс істеуге міндетті. Тек сонда ғана біз мақсатымызға жете аламыз, – деді Президент.

Сонымен қорыта айтқанда, Қазақстан алдағы уақытта халықты әлеуметтік қамтамасыз ету мәселесінде халықаралық деңгейде мойындалған жетекші елдердің біріне айналады. Бұл – аз жетістік емес. Ал қазіргі жүзеге асырылу үстіндегі, сондай-ақ енді іске қосылғалы отырған мемлекеттік бағдарламалардың аясында атқарылатын шаралар нәтижесінде бұл көрсеткіштердің одан әрі жақсара беретіндігі анық.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150

«Ұлт ұстазы һәм Алаштың Ахметі»

Досбол
АТАЖАН

Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойы ЮНЕСКО-ның 2022-2023 жылдарға арналған халықаралық мерейтойлар тізіміне енгізілген. Халықаралық конференция БҰҰ-ның «Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығы» бағдарламасының аясында (2013-2022 ж.ж.) ұйымдастырылып отыр. Конференцияның мақсаты – ағартушы, лингвист-ғалым, әдебиеттанушы, түркітанушы, ақын және аудармашы, қоғам қайраткері, саяси публицист, Алаш партиясының мүшесі Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси көзқарастары мен ғылыми идеяларын зерттеу, зерделеу. Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми еңбектері әлемге кеңінен танымал. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі бола отырып, ол халқымыздың бейбіт және гүлденген өмірі үшін аянбай еңбек етті. Ұлт ұстазы білім мен сауаттылыққа жол ашып, елімізді алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарынан көру мақсатын қойды.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің қолдауымен «Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» мемлекеттік музейі ҚР Ұлттық кітапханасымен бірлесіп Ұлт ұстазы, ағартушы, ғалым-лингвист, ақын, аудармашы А. Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «Ұлт ұстазы һәм Алаштың Ахметі» атты халықаралық конференция өткізді.

Конференцияға әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласының, соның ішінде тілтану және тарих саласының жетекші мамандары, зерттеуші ғалымдар, қоғам және мемлекет қайраткерлері, халықаралық ұйымдардың, білім беру, зерттеу ұйымдарының өкілдері, БАҚ өкілдері, оқытушылар, докторанттар, отандық және шетелдік ЖОО студенттері қатысты.

Іс-шара барысында зиялы қауым өкілдері өзара пікір алмасты. ЮНЕСКО елшілерінің құттықтау сөзі оқылды.

«Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай осымен 3-ші кешенді шара өткізіп отырмыз. Мұндай конференциялардың мәні – Ахмет Байтұрсынұлы сияқты ұлы тұлғалардың мұрасын талқылап, саралап, жетер жерге жеткізіп айту, жастардың құлағына құю. Осындай аса көрнекті тұлғаларды, олардың ерен еңбектерін терең зерттеп, жас ұрпақтың рухани қазынасына айналдыру баршаымыздың азаматтық парызымыз», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ!



Ашық диалог

Құрметті Әуезов ауданының тұрғындары! Аудан әкімі Сайран Сайфеденов 13 сәуірде, сағат 17.00-де №6 ықшамауданы, №63 үй мекенжайы бойынша орналасқан Ғабит Мүсірепов атындағы №86 мектеп-гимназиясының мәжіліс залында халықпен кездесу өткізеді.

Кездесуге мемлекеттік органдардың өкілдері де қатысады.

«Естеріңізге сала кетсем, сіздермен ашық диалог тұрақты негізде жүргізілуде. Барлық сұрақтар бойынша менің дәйректіме жазсаңыздар болады. Мен сіздермен кестеге сәйкес кездесіп отыратын боламын», – деп хабарлады аудан әкімі.



«НҰРЛЫ ЖЕР»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА

аясында көптәтерлі тұрғын үйді жөндеуге болады



Алматы қаласының Тұрғын үй саясаты басқармасы «Нұрлы жер» бағдарламасына қатысу шарттарын мәлім етті.

Бұл туралы басқарманың хабарламасында былай делінген: «Ортақ мүлікті күтіп ұстау пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайлардың иелеріне жүктеледі. Лифт жабдықтарын ауыстыру жинақ шотындағы қаражат есебінен жүзеге асырылуы мүмкін. Егер шотта жөндеу жұмыстарын жүргізуге қаражат жеткіліксіз болса, үй иелері «Нұрлы жер» көппәтерлі тұрғын үйді жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламасына қатыса алады. Бағдарлама бойынша қаражат жергілікті бюджеттен 8 жылдан 15 жылға дейін өтеу мерзімімен пайызсыз бөліп төлеу арқылы беріледі. Алайда, бағдарламаға қатысу үшін жиында қабылданған пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің жалпы санының үштен екісінен астамының келісімі қажет. Оң шешім қабылдаған соң, қызметті басқару органы барлық растаушы материалдармен қоса, Гоголь көшесі, 45 мекенжайы бойынша орналасқан «Алматы Тұрғын үй» ЖШС операторына хат жіберуі керек. Сондай-ақ, +7 (727) 390-22-09, +7 (702) 000-64-45 телефондары арқылы кеңес алуға болады».

Сондай-ақ, ведомство мәліметінше, Алматыда жыл басынан бері 62 үйде 112 лифт ауыстырылды. Жыл соңына дейін барлығы 350 жеделсатыны ауыстыру жоспарлануда.

Бұл жұмыстар «Нұрлы жер»-дің 2020–2025 жылдар аралығына есептелген тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту бағдарламасы аясында жүзеге асып жатқанын айта кеткен жөн.

АБАТТАНДЫРУ



«MENIN SAYRANYM»

Алматылықтар абаттандыру тұжырымдамасын әзірлеуде белсенділік танытуда



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматылықтардың сүйікті мекеніне айналған Сайран көлі қанша тазаланса да, ластанып кете беретіні баршаға мәлім. Дейтұрғанмен, бұл мәселенің шешімі табылғандай.

Қалалық Жасыл экономика басқармасы «Сайран» көлінің айналасын абаттандыру мақсатында «Menin sayranym» атты жаңа жобаны іске қоспақ. Жобаның эскизі қала тұрғындарымен бірлесіп әзір-

ленбек. Жергілікті тұрғындардың басын қосқан жобада бір кездері қаланың інжу-маржанына айналған «Сайранның» айналасын қайтсек таза ұстаймыз?» деген тақырыпта екі күнге созылған кездесу ұйымдастырылды.

Алғашқы күні 30-дан астам тұрғын қатысқан кездесуде қатысушылар көлдің маңайын аралап, көріп шықты. Басқарма басшысы Наталья Ливинская жиналғандарға көлді абаттандыруға байланысты жоспарларын айтып, одан кейін тұрғындардың пікіріне құлақ асты. Проблемалық орындар, оларды абаттандыру, сондай-ақ кеңістікті пайдаланатын жергілікті қауымдастықтар туралы пікірлерімен бөлісті. Іс-шара барысында тұрғындардан көлдің ерекше экожү-

йесін сақтауға қатысты құнды ақпараттар жиналды. Жаңа жобаға қызығушылық танытқан белсенді тұрғындар жұмыс тобына кірді.

Кездесудің екінші күні Q-Lab кеңістігінде қызу талқылау өтті. Оның аясында тұрғындар топтарға бірігіп, аумақты дамытудың ұжымдық көрінісін жасады. Мәселен, алдағы уақытта Сайранның екі жағалауына жасыл аймақтар құрылып, балалар ойнайтын алаңдар мен воркаут-алаңдарды салу ұсынылды. Жасыл экономика басқармасының басшысы Н.Ливинская тұрғындармен бірлесіп өткізген талқылаудың нәтижелі өткенін айтады.

– Талқылау барында нәтижелі

өтті. Тұжырымдаманы әзірлеу кезінде біз міндетті түрде қырауыл, үйрек және кекілік мекендейтін көлдің бірегей экожүйесін сақтаймыз. Белсенділердің барлық ұсыныстарын міндетті түрде қарастырып, ескеруге тырысатымыз, – деді басқарма басшысы.

Жасыл экономика басқармасының өкілдері жобаға қатысқан Lafa community, «Фасилитация зертханасы» кәсіби қоғамдастығы, Q-Lab қалалық зертханасы, Cityzen Space бюросы, аудан әкімдіктері мен қоғамдық кеңістікті дамыту жөніндегі мәслихат депутаттары және Алматы қаласының ТЖД бірлескен жобасына қосқан үлесі мен ынтымақтастығы үшін әрбір қатысушыға және барлық серіктестеріне алғыс білдіреді.

ХАБАРЛАНДЫРУ



МИБ ҚҰРУҒА ТЕГІН КЕҢЕС

қателіктердің алдын алу мақсатында жүргізіледі



Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Пәтер иелері Мүлік иелерінің бірлестігін құру жөніндегі мәселелер бойынша Қазақстанның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту және дамыту орталығынан тегін кеңес ала алады.

ҚР ИИДМ баспасөз қызметінің мәліметінше, тегін кеңес телефон арқылы да, жазбаша түрде де жүзеге асырылады. Айта кетерлігі, мамандар тарапынан берілетін кеңес МИБ пен ЖС құру барысында құжаттарды рәсімдеу кезіндегі қателіктердің алдын алу мақсатында жүргізіледі.

Бүгінгі таңда Қазақстанның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту және дамыту орталығының қызметкерлері тұрғындар мен тұрғын үй қатынастары саласындағы реформаны іске асыру жөніндегі жобалық кеңселердің қатысушылары арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Осы ретте тұрғындар тұрғылықты мекенжайы бойынша жобалық кеңселерге жүгіне алады. Сондай-ақ, үкіметтік емес ұйымдарда да консультациялық көмек көрсетіледі. Пәтер иелері қажетті ақпаратпен www.zhkh.kz сайтынан таныса алады. Сонымен бірге, азаматтарды автоматты түрде ақпараттандыру үшін @kazcenter_zhkh_bot telegram-бот іске қосылған.

АҒАШ КЕСУ

Жасыл желекке қамқорлық



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мегаполистің барлық ауданында қураған ағаштарды санитарлық кесу және тазалау жұмыстары жүріп жатыр.

Қалалық Жасыл экономика басқармасының хабарлауынша, қураған немесе зиянкестер бүлдірген өзге жасыл желектің өмір сүру коэффициенті есептеліп, оларға тіршілік қабілетіне сай күтім көрсетіледі. Осылайша ағаштарды түп-тамырымен кеспей, олардың жағдайын жақсарту көзделіп отыр. Демек, қала аумағындағы жасыл желекті бірден кесіп тастауға рұқсат жоқ. Тиісті басқарма алдымен олардың санын анықтайды, кейіннен оларға арнайы құжат дайындайды.

Мәселен, Бостандық ауданында дінгегі шіріп, құлағалы тұрған 10 мыңнан астам ағаш бар екен. Мұндай қауіпті ағаштар қаланың барлық ауданынан кездестіруге болады. Ал апатты жағдайдағы ағаштар электр желілері мен газ құбырына кедергі келтіріп, жолдағы қозғалыс пен жүргіншілерге қиындық туғызады. Сондықтан оларды дер кезінде ретке келтірген абзал. Осыны жақсы білетін қала тұрғындары коммуналдық қызметтер ұйымдастыратын жасыл желекті ретке



келтіру жұмыстарына қарсы емес. Сол себепті, олар үйге жақын өскен, апатты жағдайдағы ағаштарды өздері суретке түсіріп, әлеуметтік желіге жүктеп жергілікті әкімдіктен көмек сұрауда.

Айта кететін жайт, Алматыда қала көшелерін ескі, қураған ағаштардан тазарту жұмыстары дәстүрлі түрде жыл сайын жүргізіледі.

ӘУЕЖАЙ

ЗАМАНАУИ ДИЗАЙН

Алматы халықаралық әуежайы ғимаратының жаңа жобасы таныстырылды



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

«Алматы халықаралық әуежайы» АҚ президенті Эрсой Альп Эр Тунғаның айтуынша, қазіргі таңда әуежайда құрылыс жұмыстары басталды.

Бірақ ол әуежайдың ұшақ қабылдау, халықаралық бағыттарға ұшу жұмысын тоқтатпайды. Жалпы аумағы 55 мың шаршы метр болатын жаңа ғимаратта 40 тіркеу бағаны мен 3 жүк тасымалдайтын лента қойылады. Бұл жұмыстар үшін 200 млн доллар инвестиция қарастырылған. Халықаралық стандарттарға сай жұмыс істейтін әуежайда VIP-терминалдар мен жаңа бағыттағы күту залдары болады. Барлық терминал мен қызметкерлер жолаушыларға қызмет көрсете береді.

«Қазір әуежай тәулігіне 16 мың жолаушыға қызмет көрсетеді. Оның 5 мыңы халықаралық болса, 11 мыңы ішкі рейстер. Алдағы уақытта жаңа нысан пайдалануға берілсе, оның саны арта түспек. Жаңа әуежайдың құрылысы 2024 жылдың жазында аяқталады деп жоспарлап отырмыз», – деді әуежай басшысы.



СӘН ӘЛЕМІ

ЖАСТЫҚ пен САҒЫНЫШ...

«Сән дегеніміздің өзі – уақыт өте келе сән әлемінен ығыстырылып жатқан нәрсе», – депті француз модельер-дизайнері Коко Шанель. Бүгінде сән үлгісі әркімнің өзіндік стиліне сүйенуімен ерекше. Дегенмен, сәнгерлер әр мезгілге сай сән үлгілеріне тоқтам жасап, құлпырып отыруға кеңес береді.

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

1. Алқызыл, қызғылт түсті киімдер. Осы маусымда көптеген дизайнердің топтамасында осы түс болады. Алқызыл, қызғылт түс болмаса да, ашық және қою реңкі болуы міндетті. Кішкентай қыздар ғана емес, бойжеткендер,



қыз-келіншектер де осы түсті ұнатса, гардеробына қосып қойса болады. Тұтастай қызғылт түсті аксессуар (сөмке, шарф, баскиім, аяқкиім, белдік, т.б.) қолдануға кеңес береміз.

2. Шынжыр бұйымдар. Мұндай бұйымды әшекей ретінде тағуға болады. Суретте шынжыр бұйымды кешкі көйлектермен үйлестіру үлгісі көрсетілген. Көп қыздарға шынжыр дәрекі бұйым болып көрінуі мүмкін, бірақ үйлестіре алсаңыз, оны нәзіктік символына айналдыруға болады. Күнделікті өмірде киюге болатын шынжыр үлгілерін кез келген дүкеннен таба аласыз.

3. Трикотаж киімдер. Мұндай киімдер тек жылы маусымда емес, көктемде де сәнде болады. Жұқа трикотаж түрінен тігілген поло, көйлек, шолоқ шалбар биыл сәнді киімдер қатарында.

4. Былғары. Теріден жасалған киімдер биыл да трендте. Жалпы, мұндай киімдер ешқашан сәннен шықпайды. Гардеробыңызда әртүрлі түстегі ұзынша жакет, трапеция юбка, белі жоғары шалбар, көйлек пен сарафан болса, биыл сәннен қалмайсыз.

5. Кроше техникасы. Мұндай киімдер нәзік дизайнымен танымал. Кроше үлгідегі жылы кардиган, жеңіл романтикалық үлгідегі көйлектер кісеңіз болады. Қолдан жасалған үлгілері де биыл ерекше сұранысқа ие болады.

6. Шақпақ, тор сызықты киімдер. Мұндай киімдер ешқашан сәннен шықпайтын шығар. Бір түсті киімнен жалықсаңыз, шақпақ пен өзге де принті бар киімдерді байқап көріңіз. Жакет, юбка, шалбар, сырт киім, аяқкиім, сөмке, баскиім мен шарфта да шақпақ принт болуы мүмкін.

7. Ашық түсті киімдер (color block). 2022 жыл сәнқой аруларға түстердің түрлі бояуын ұсынады. Ашық, қанық түстегі киімдерді суретте көрсетілген-



дей киюге болады. Дизайнерлер бір түсті киімдерді әшекейсіз киген үйлесімді көрінетінін айтады.

8. Костюмдер. Бұрын шалбарлы костюм тек ер адамдарға ғана сияқты көрінетін. Бірақ сән әлемі бұл пікірге қарсы. Биыл денеде бос тұратын шалбарлы костюм сәнде. Шалбар мен костюмді басқа киімдермен үйлестіріп киюге де болатынын ұмытпаңыз.

9. Жеңі көлемді киімдер. Романтикалық стильде киінгенді ұнататын арулар үшін таптырмас тренд. Мұндай жеңді киімдер иық өлшемі кішірек мүсінді жаксы түзетеді.

10. Аяқкиім. Сәнқой арудың гардеробында бір емес, бірнеше аяқкиім болуы керек. Қалың табанды, казак үлгісіндегі етік, кең қонышты етік, лофер, платформа кроссовка, өкшесі ерекше үлгідегі немесе түрлі-түсті туфли сәнге айналады.

Аталған трендтер ұзақ мерзімге немесе қысқа уақытқа ғана сән әлеміне келуі мүмкін. Сондықтан бәрін бірден сатып алудың және барлығын бір уақытта киюге тырысудың қажеті жоқ. Трендтегі киім үлгісін таңдағанда терінің түсіне, бой ұзындығы мен мүсінге де мән беру керек.

Ұнатқан трендтерді әуелі дүкенге барып киіп көріңіз. Себебі, сән көрсетіліміндегі киімдердің дизайны жергілікті дүкендерге жеткенше түрлі өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Сән әлемінен қажет ақпарат алып, жаңалықтардан хабардар болып отыру үшін әлеуметтік желіде стилист мамандардың парақшасы мен кеңесін оқып, бақылап жүру керек деп ойлаймын. Өмірдің басты мақсаты – өз орнында табу болса, сән әлемінің басты мақсаты – сізге лайық киім үлгісін табу.

«Киімге қарап қарсы алып, ақылына қарап шығарып салу» белең алып тұрған уақытта аға буын өкілдері түгіл, кішкентай бүлдіршіндердің өздері киім-кешекке, оның құнына аса мән береді. Әрине, өз талғамына сүйене отырып, стилін қалыптастыру әркімнің өз еркінде. Дегенмен, кейде жұртшылық естен шығаратын бір жайт, әркім жас мөлшерін ескеріп, эстетикалық, ұлттық принциптер, адамгершілік көзқарас тұрғысынан киім таңдағаны жөн сияқты. Бұл ретте киім кию үлгісі ұлттық идеологияны қалыптастыруда маңызды фактордың бірі екенін ұмытпау керек.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН СҰХБАТ

Суретші Аңсаған Мұстафа «Мамам мені өлтіретін шығар...», «Түсікке қарсылық», «Ана, темекі тартпа!», «Ана жылытады», «Әке, балаға көңіл бөл!», «Құдай, неге мені теледидар қылып жаратпадың!», «Қарттар үйінде қазақ көп», «Қорқам, әке, ұрмашы!», «Қыз қуу», «Ауру» сынды суреттерімен таныла бастады. Байқайсыз ба, тақырыптары бізге күнделікті таныс дүниелерді меңзеп тұр.

Әдетте картиналарды сатып аламыз да, әдемілік үшін іліп қоямыз. Ал Аңсағанның суреттері – үйіміздің төріне, жиһаздарымыздың немесе әдемі пердеміздің түр-түсіне үйлестіріп іліп қоюға «көне» қоймайтын, қызылды-жасылды, құбылған мың сан бояуы да жоқ әлеуметтік тақырыптағы қарапайым суреттер. Солардың сырын білмекке замандасымызды сөзге тартқан едік.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

– Аңсаған, суреттеріңізден ана мен бала, қыздар бейнесін көп көреміз. Бұл өзіңіз де әйел-ана болғандығыңыздан ба, әлде басқалай себебі бар ма?

– Шынымен солай екен-ау. Мәселен, ұялы телефонға желімше жабысып алып, алтын уақытын ұрлатып отырған бала туралы тосыннан ой келе қалды делік. Яғни үйде, жұмыста, көшеде немесе әлдебір



отбасында көргендерім идеяға айналады. Дерек қызыма немесе ұлдарыма «былай отыра қалшы», «үстелдің астына кіріп алып, тізенді құшақтап, әлденеден қорқып немесе тығылып отырғандай болшы» деймін де, идеяның нобайын тез-тез түсіріп аламын. Бұған көбіне қызым келісіп жатады, ал ұлдарым тентектеу, жыбырлап, бір орында ұзақтау отыра қоймайды, кейде ашуланады. Былайша айтқанда, натураштерім – балаларым.

Оның үстіне, бұл тақырыптар маған сонау бала күнімнен таныс десем де болады. Анам қыз-келіншектерге арналған «Ақ босаға» газетін ашқан кезде 11 жаста болатынмын. Үнемі анаммен бірге еріп жүретінмін. Жұмыс орнында сурет салып, өз жөніммен отыра беретінмін. Редакцияға отбасылық қуанышын немесе мұң-шерін ақтарған оқырман хаттары толассыз келіп жататын. Бертін келе газеттегі журналист аға-апайлардың ұсынысымен сол әңгіме, оқиғаларға арнап суреттер салып жүрдім.



Негізі, әйелді ұрып-соғу, қыз алып қашу, балаға жәбір көрсету сынды проблемалар бұрыннан бар. Редакцияға бір қолына пакетін қыса ұстап, екінші қолына баласын құшақтаған тәтелер жылап келетіні есімде. Тек бұрын ғаламтор, әлеуметтік желі деген болмағасын, әлгі мәселелер жабық күйінде қалатын. Кейін есейе келе қоғамдағы келеңсіз оқиғаларды, әлеуметтік мәселелерді көріп, жастарға ой салсам деген мақсатпен түрлі тақырыптарда сала бастадым. Менің суреттерімнің барлығы шынайы өмірден алынған.

– Кейінгі суреттеріңіздің денінде кейіпкерлеріңіз ұялы телефонға тәуелді



сала бастады. Жазбаларының астына «Аңсағаннан алдым» деп көрсетіп қоятындықтан, мен танымайтын басқа адамдар да хабарласа бастады. Тіпті, «маған сондай футболкаларыңыздан салып жіберсеңіз» деген ұсыныстар түсті. «Мен футболкалар шығармаймын ғой. Суретімді ала беріңіз, соны киімге бастырып беретін орындар бар, соларға барсаңыздар болады» деймін. «Айналайын, мен ауылдан хабарласып тұр едім. Немерем кісе деймін, жасап берсеңіз», – деді бірде бір үлкен кісі. Көңілін қалдыра алмадым. Сөйтіп, бірнеше адамға футболкаларға тапсырыс беріп, оған суреттерімді бастырып беріп жүрдім. Күндердің



СӨЙЛЕ, СУРЕТ!

Олар боямасыз өмірден алынған



көрінеді. Тіпті, «Қыз қууда» да бойжеткен ат үстінде шауып келе жатып смартфон ұстап алған. Уәзіңізді қоғамға жеткізе алып жүрсіз бе?

– Қазір көшеде, аялдамада, аулада, дәмханада, тіпті үйде де бір-бір телефон құшақтап өз әлемінде отырған адамдар. Үлкен-кішінің бір-бірімен байланысы жоқ деуге болады. Сөйлеуден, сөйлесуден қалып бара жатқандаймыз. Жұмысбасты ата-ана да кешке отының басына шаршап оралғанда, балаларымен шүйіркелесуге құлықсыз, шай-тамақтан соң жата кетеді. Әлеуметтік желі пайда болғалы жастар кітап оқудан қалып бара жатқандай. Бірақ уақытын телефоннан аямайды. Суреттерім солардың кеудесіне саңылаудай болса да сәуле түсірсе, ой салса деймін. Сіздер, журналистер қоғамдағы өзекті мәселені газетке жазып, телеарнадан көрсетіп жатсаңыздар, ал мен айтар сөзімді бейнелеу өнері арқылы жеткіземін.

Жалпы, суреттерімнің айтары қысқа да нұсқа. Онда аз элементтерді пайдаланып, көп ойды жеткізгім келеді. Суреттерімнің түрлі-түсті емес, көбінесе ақ, қара болуы да сондықтан. Мен үшін суреттің түсі маңызды емес, маңыздысы – көрерменге ой салу. Сонымен қатар, ойымды көпке тезі-

рек, сол сәтте, өз уақытында қағазға түсіріп, жедел жеткізгім келеді. Өйткені, қазір ақпарат тасқынының екпіні тым қатты, бәрін бірдей қабылдап, сіңіріп үлгермей де қалып жатамыз кейде. Адам ақпараттың 90 пайызын көзімен қабылдайды. Бәрін тез көріп, асығыс қабылдап, келесісіне өтіп кете береді. Ұнағанына сәл де болса аялдап, мән беріп, зер салуы мүмкін.



Ондайда қуанамын, әрине. Көп адам үйлеріндегі көрініс тура сол суреттерімдегідей екенін жазып жатады. Кейбіреуі «суретке қарап ыңғайсызданып қалдым», енді бірі «ұрлығымды ашып қойғандай болдыңыз» деген пікірлер де қалдырған.

– Абайдың қара сөздерін ұлықтап жазған, ұлттық нақыштағы өңіржиек, тұмар, алқалардың суреттерімен, ою-өрнектермен безендірілген футболкаларыңыз туралы да білеміз. Сұраныс көп пе? Жалпы, бұл әлеуметтік тақырыптағы суреттерден табыс түспейтіндіктен жасаған бизнес-қадамыңыз ба, әлде?..

– Кәсіпкерлік жолға түскенім тіпті қызық. Бәрі аяқастынан болды. Мен ешқашан суреттерімді пайда табу үшін, кәсіпке айналдырайын деп салған емеспін. Ол – жанымның қалауы.

2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланатынын естіп, қатты қуандым. Шығармашылық адамы ретінде осындай елдік деңгейдегі дүбірлі тойға, ұлтыма мен де өз үлесімді қосқым келді. Айтулы тойда жастар жарқырап ұлттық нақыштағы, ою-өрнекті киімдер киіп жүрсе тамаша болар еді деп елестеттім. Қазақ хандығының 550 жылдығы жазда тойланатынын білгенде, жастар ыстық күнде шапан киіп жүре алмас, денеге жайлы әрі жеңіл болатын футболка кісе қалай болады деп, бір дизайн жасап, әлеуметтік желіге сала қойдым. «Суретімді ұнатқандар фотосалондарға барып, өздері жасатып алуына болады. Егер 550 лайктан асса, осындай қазақы футболканың 55 түрін саламын», – деп әзіл-шыны аралас ойымды жазып едім, көрсеткіш мыңнан асып кетті. Артынша ұсыныстар да жауып кетті. Жазға дейін футболкаларға басылатын суреттердің 55 түрін жасадым. Суреттерімде салт-дәстүрден бастап, қазақтың би-батырларын, кеменгер тұлғаларымызды қамтуға тырыстым. Тіпті, студенттер флешмоб ұйымдастырып, көрменің атын «Шашу» деп қойғаным бар еді. Сөйтіп, көпшілік футболкаға басылатын ұлттық ренктегі суреттерімді сұрап алып, өздері бастырып алып киіп, әлеуметтік желіге

күнінде ұсыныс көбейе бастады. Сұраныс артты. Енді бұл жүріс болмайды екен деп, жарыма жеке кәсіп ашқым келетін ойымды айтып, арнайы аппарат сатып әперуін сұрадым. Ол да шығармашылық адамы ғой, бірден қолдай кетті. Үлкен тойға үлес қоссам деген азаматтық ниетім әрі қарай кәдімгі кәсіпке айналып кетті.

Абай атамның мерейтойына орай конкурс жариялаған болатын. Өзім ұлы ақынның суретін айнытпай сала алмайтын болған соң, ойымды жеткізудің басқа жолын таптым. Содан ақынымыздың аталы сөз болып елге тарап кеткен қанатты сөздерін насихаттайтын футболканың үлгісін жасадым. Солай 2-3 данадан футболка шығарып, оларды өз жақындарым киіп жүрді. Көргендер қызыға бастады. «Ою-өрнектің жанына Абай атамның сөзі жазылған әдемі футболкадан бізге де жасап берсеңдер» деген сұраныстар көбейе бастады. Осылай сұраныстың артуы, шығармашылығыңның бағалануы мені қанаттандырып, шабыттандыра түсті. Қазір толстовка, худи, күнқағары бар бас киім-



дер шығарамыз. Бәрінде де шетелдің сөздері емес, өзіміздің ана тіліміздегі сөздер басылған. Осындай ұлттық нақыштағы, күнделікті киіп жүруге ыңғайлы киімдерді шығарғандағы мақсатым – ұлттық нақыштағы тауар қымбат болуы керек деген ойды түбегейлі жою. Менің ойымша, кез келген қазақ ою-өрнегі бар киімді қиналмай сатып алатындай болу керек.

– Сізді шығармашылыққа алып келген «шаш оқиғасы» қызықты екен, сол туралы біздің оқырмандарға да айта отырсаңыз.

– Бала күнімде әкем «шашың қайратты, қалың болады, сұлу қыз боп өссенің, басың да ыстық күнде бір тынығып қалады» деп тықырлап алып тастайтын. Үшінші сы-

ныпты бітірген кезім, есім кіріп, шашсыз қыз баланың онша емес екенін біліп қалған шағым. «Алғызбаймын шашымды» деп мінез көрсеттім. Бірақ әкем велосипед әперемін деп еді, көне қойдым. Сөйтіп, шашымды тақырлап алып тастады. Үш ай демалысқа шыққан кезіміз болатын. Бір күні мұғалім бәрімізді сенбілікке шақырды. Ойын қызығына ессіз кіріп кеткен баламын, шаш ойда жоқ, тақыр басыммен салып ұрып сыныпқа кіріп келгем ғой. Мені көрген балалар ду күліп жіберді. Намыстан жарылып кете жаздап, қос жанарыма ыстық жастың толып кеткені сол сәт. Жылағалы тұрғанымды ешкімге көрсеткім келмей сыртқа атып шықтым. Үйге келе сала әке-шешеме ренжіп, «енді ол мектепке бармаймын» дедім. Ата-анам «бала ғой, ертең-ақ ұмытып кетеді» деп ойлапты. Жаңа оқу жылы басталуға бір аптадай қалғанда, мені сол мектепке апарғалы жүргендерін біліп, тағы да қиғылықты салдым. Сөйтіп, әкем басқа мектеп іздей бастады. Ұлықбек Шарахымұлы деген өте мықты азамат қазақ тілінде ашқан Алматы көркемсурет мектебіне солай келгенмін. Кейін колледжі ашылды. Онда графикалық дизайн мамандығын, ал Т.Жүргенов академиясында дизайнерлікті оқыдым.

– Шығармашылық адамы үнемі ізденіс үстінде жүретін ерекше жан ғой. Ол ізденумен, іздеумен жүреді. Таппай жүргеніңіз бар ма? Шығармаларыңыздың қайсысын сәтті шыққан деп бағалар едіңіз?

– Мені суретші деп жатады, бірақ өзімді әлі толыққанды суретші деп есептемеймін. Әлі ізденіп, үйреніп, өзімді іздеп жүрген адаммын. Әлі таппаған сияқтымын.

«Сәтті шыққаны» дейсіз бе? «Мамам мені өлтіретін шығар...» суретім тарағанда, екі жас анадан хат алдым. «Осы сурет жаныма қатты әсер етіп, бір сәтте жаман ойдан айналып, өмірге сәби әкелдім» деп жазыпты екеуі де. Тіпті, бірі «сіз бөлемнің кіндік шешесісіз» деп баланың суреттерін жіберді. Толқығанымнан жылап жібердім. Осы суретті Алматыда бір жігіт рұқсатыммен ҚазҰУ-дің сыртына әдемі етіп салып қойған еді. Онда да қатты қуанғаным бар. «Мамам мені өлтіретін шығар...» әлемнің 8 тіліне аударылған.

Жалпы, әлеуметтік желі арқылы суреттерімнің бармаған елі жоқ сияқты. Адамдар тауып алып, аты-жөнімді жазып, жеке парақшама рахметін айтып жатады. Ирма есімді испан қызының «Ұйықтап жатқан жерімнен санамды ояттың» дегенін оқып, таңқалдым. Италиялық, бразилиялық достарым да бар. Негізі, шетелдерде мұндай жобалар жақсы қаржыландырылады. Әлеуметтік тақырыптарда салынған суреттерден көшеге билбордтар жасап, буклеттер таратып жатады. Мұның бәрі жастарды теріс іс-әрекеттерден сақтау мақсатында жасалады. Бір қызық оқиға болды. Біздің үйдің қасында үлкен сауда орны бар. Сол жерде босануға айы-күні жетіп қалған бір жүкті әйел үнемі шылым шегіп тұрады. Бірде ұлым сол әйелді нұсқап «анашым, қарашы» деді. Үйге келген соң, темекі тартып тұрған шошқаның суретін салып, сыртқа қарата терезеге жабыстырып қойдым. Бұл сурет әлеуметтік желілерде кеңінен тарап кетті.

Миы мен жүрегің кір машинаға жуып отырған қыз («Тазалық») суреті де өзіме ұнайтын сияқты, бірақ әлі де толықтай емес, әлі де басқа дүние тапқым келеді. Ізденуден шаршамаймын.

– Әңгімеңізге рахмет!





МӘМС

СКРИНИНГ

ауруды ерте сатысында анықтайды



Медициналық сақтандыру қоры профилактикалық тексерулерге жыл сайын қаражат бөліп отырады. Оның ішінде әлеуметтік маңызы бар ауруларды анықтауға арналған скринингтер де бар.

МСҚ Алматы қаласы филиалы сарапшыларының айтуынша, аурудың көбінің жазылуы қаншалықты ерте анықталғанына тікелей байланысты. Уақытылы анықталған дертті емдеу оңай. Сондықтан бүгінгі таңда елімізде ауруды ерте сатысында анықтау мүмкіндігі артып отыр. Мәселен, 2022 жылы Алматы қаласы бойынша сүт безі обыры скринингіне 431,9 млн теңге бөлінген, тағы 297,1 млн теңге жатыр мойны обырын анықтайтын зерттеулерге арналған. Ал колоректальды обыр скринингіне 96,7 млн теңге жұмсалмақ.

Скрининг арқылы көп сырқатты анықтауға болады. Атап айтсақ, зиянды әдеттерден туындайтын қауіп факторларын (30–70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер); артериалды гипертония, жүректің ишемиялық ауруы мен қант диабетін (аталған диагноз негізінде динамикалық бақылауға алынбаған 40–70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер); глаукомаға тексеру, яғни көз іші қысымын (40–70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер); жатыр мойны обырын (30–70 жас аралығындағы әйелдер); сүт безі обырын (40–70 жас аралығындағы әйелдер); колоректальды обырды (50–70 жас аралы-

ғындағы ерлер мен әйелдер) және В мен С вирусты гепатиттерін ерте анықтауға мүмкіндіктер бар.

Сонымен қатар, профилактикалық тексерулерден 18 жасқа дейінгі балалар да өте алады. Оған баланың психофизикалық және жыныстық даму деңгейін бағалау, зорлық-зомбылық белгілері бар-жоғын анықтауға арналған тексерулер кіреді. Белгілі бір ақау табылған жағдайда сала-лық маманға жолдама беріледі.

Профилактикалық тексеруден өтуге жолдаманы скринингтен өту үшін тіркелген емханадағы учаскелік дәрігер (терапевт) береді. Жас мөлшеріне қарай бекітілген скринингтерден бірден өтуге болады. Профилактикалық тексерлер МӘМС пакетіне енген, сондықтан скринингтен өтетін азамат сақтандырылған болуы шарт.

Скринингтік зерттеулердің кей түрі бес жыл сайын, кейбірі – екі немесе төрт жыл сайын жасалады. Бұл мерзім әр аурудың даму қарқынына қарай белгіленген.

Скринингтік зерттеуден өткен пациенттер денсаулығынан ақау табылған жағдайда салалық мамандардың кеңесіне жіберіледі, қажет болғанда ем тағайындалады.

ГРАНТ

Кәсіп ашамын дегендер – алға!



Алматыда бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін 950 грант беріледі. Бұл туралы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының өкілдері хабарлады.

Гранттар алуға өтінімдер қабылдау басталып та кетті. Оған жастар (29 жасқа дейінгі) және халықтың әлеуметтік осал топтарының өкілдері үміткер бола алады. Грант сомасы 400 АЕК-ке жетеді (1 225 200 теңге).

Гранттар беру жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халықтың табысын өсіру мақсатында Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде жүргізіледі.

– Жоба халыққа өз бизнесін ашуға нақ-

ты мүмкіндіктер береді. Бұл, әсіресе, ШОБ қала экономикасында жетекші орын алатын және жұмыс істейтін 10 алматылықтың 6-ауы дәл осы ШОБ-те жұмыс істейтін Алматы үшін өте маңызды. Осы жылдан бастап гранттарды сертификатсыз алуға болады. Өтінімдер сәуірден қарашаға дейін қабылданады, нақты мерзімдері мен кезеңдерін қосымша хабарлаймыз, – дейді Алматы қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары Зафар Аппазов.

Өтінім business.enbek.kz порталы арқылы осы жылдың 1 сәуірінен қабылдана бастады.

Грант алу үшін жұмыссыз тұлғаның жұмыссыз ретінде тіркелген мәртебесі немесе жұмыс істеп тұрғанына 1 жылдан аспаған ЖК-сі; Алматы қаласында тұрақты/уақытша тіркелген (1 жылдан кем емес); business.enbek.kz порталында тіркелген; бизнес-жоспары болуы қажет.

Үміткерлер бизнес-жоспарды өзі жасайды және өтінімін BUSINESS.ENBEK.KZ порталына береді. Өтінім 10 күн ішінде қаралып бітеді.

Гранттарды комиссияның шешімі негізінде Халықты жұмыспен қамту орталығы береді. Комиссия мүшелері бизнес-жоспарды бизнес-идеяның бәсекеге қабілеттілігі; өткізу нарықтарының пысықталуы; бизнес-жобаның қаржылық өміршеңдігі; кәсіпкерлік дағдылар деңгейі және жаңа жұмыс орындарын құру критерийлері бойынша бағалайды.

ДЕНСАУЛЫҚ



Алматы дәрігерлері жамбас сүйегі сынған 100 жастағы әжені аяғына тұрғызды.

Әжей аяғына тұрды

№7 қалалық клиникалық ауруханаға 100 жастағы науқас шұғыл жеткізілген болатын. Аурухананың баспасөз қызметінің мәліметінше, дәрігерлер қарт әжейге сүйек сынықтарының ығысуы мен сол жақ жамбас сүйегінің жабық түрдегі сынуы диагнозын қойған. Науқастың жасы ұлғайғанын, қатар жүретін аурулардың болуын ескере отырып, кардиолог, интернист, анестезиолог мамандар бірігіп шұғыл кеңес өткізді. Жасалған ота түрі – сол жақ жамбас буынының Strayker протезімен тоталды цементсіз артропластикасы. №7 аурухананың травматолог-дәрігері Бауыржан Өтешевтің айтуынша, операция сәтті өткен. Науқас ота жасағаннан кейін екінші күні реанимациядан политравма бөлімшесіне ауыстырылды. Егде жастағы қарияның күрделі операцияны оңай еңсер-

гені – оның күнделікті өмір салтының дұрыстығымен байланысты көрінеді. Қызының айтуынша, әжей таңертең ұйқыдан тұрғанда жаттығу жасайды. Тамақтану режиміне де аса көңіл бөледі. Уақытпен ас ішеді. Қуырылған тағамдарды тұтынбайды, сүт өнімдеріне басымдық береді.

Қазіргі уақытта науқастың жағдайы тұрақты, өзін жақсы сезінеді, үйіне шығуға дайындалуда. «Төсекке таңылмағаным үшін, бірінші Аллаға, одан кейін дәрігерлерге мың алғыс! Анестезияны жеңіл көтердім. Шамасы, заманауи препараттар жақсы болған секілді. Дәрігерлердің көзқарасы, біліктілігі де өте жоғары болды. Оларға өте ризамын. Операциядан кейін мен өзімді жақсы сезінемін», – деді ғасыр жасаған әжей.

Ота сәтті өтті

Орталық қалалық клиникалық ауруханаға омыртқасы сынған 60 жастағы ер адам түскен болатын.

Аурухананың баспасөз қызметінің мәліметінше, стероидты остеопороздан болған сынық салдарынан пациенттің сүйектері сырқырап, бұлшық еті ауырған. Нейрохирургия бөлімі меңгерушісі Марат Алматовтың айтуынша, патологиялық сынық сүйек тініндегі құрылымдық өзгерістерге байланысты пайда болады. Салдарынан сүйектің төзімділігі төмендеп, болмашы жарақаттың өзі сыныққа әкеп соқтыруы мүмкін. Жан-жақты тексерілгеннен кейін пациенттің омыртқасына вертебропластика жасалды. «Вертебропластика – омыртқаны «сүйекке арналған цементтің» көмегімен іштен бекі-

туге мүмкіндік беретін операция. Шағын инвазивті операция кезінде терінің аз ғана бөлігі кесіледі. Ота барысында біз омыртқаға инемен медициналық цемент салдық. Процедура бастан-аяқ рентген арқылы бақыланды. Бұл – күрделі ота. Себебі, цементті омыртқаға алты минуттың ішінде салып бітіру қажет», – дейді нейрохирург Марат Алматов.

Жергілікті жансыздандыру арқылы жасалған операция 40 минутта аяқталды. Қазір пациенттің жағдайы жақсы. Алдағы бір-екі тәулікте ол қалыпты өміріне оралады.

«Вертебропластика – жоғары технологиялардың көмегімен жасалатын заманауи отаның бір түрі. Оның құны 300 мыңнан 1 миллион теңгеге дейін жетуі мүмкін. Жоғары технологиялық қызметтің бұл түрі сақтандырылған пациенттерге тегін жасалады», – дейді Медициналық сақтандыру қоры Алматы қалалық филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Қазпошта» АҚ-ға:

– бухгалтер керек.
Бөгенбай батыр көшесі, 152-үй.
Тел.: 8 707 794 34 99, 8 701 794 34 99.

«INTANT сауда үйі» ЖШС-ға:

– қоймашы қажет.
Мұратбаев көшесі, 61-үй.
Тел.: 8 775 122 50 33, 8 (727) 225-35-35.

Республикалық арнайы медициналық қамтамасыз ету орталығы:

– фармацевт-провизор іздейді.
Желтоқсан көшесі, 83-үй.
Тел.: 8 707 279 71 60, 8 (727) 279-71-60.

«CASPIAN OILTECH SERVICES» ЖШС-ға:

– call-орталық операторы керек.
Әл-Фараби даңғылы, 403 А.
Тел.: 8 (727) 277-78-04.

«Cuitex» АҚ:

– тігінші қабылдайды.
8-ші ш/а., 41/6-үй.
Тел.: 8 705 218 18 50, 8 707 218 18 45.

«Magnum» супермаркетіне:

– күзетші;
– аспаз;
– кассир керек.
«Астана» ш/а., 10/1-үй.
Тел.: 8 707 471 91 59.

«Голубой парус» білім мекемелері желісіне:

– тәрбиеші қажет.
Гёте көшесі, 396 А.
Тел.: 8 701 252 29 25, 8 (727) 271-32-12.

«Alsani» ЖШС:

– аспаз іздейді.
«Құрылысшы» ш/а., Балбырауын көшесі, 71-үй.
Тел.: 8 775 052 22 02, 8 777 505 22 20.

«MEDIAL GROUP» ЖШС-ға:

– сату жөніндегі менеджер керек.
Сәтбаев көшесі, 30/8-үй, 143-ші офис.
Тел.: 8 702 749 40 47, 8 (727) 313-21-92.

СӘТТІЛІК СЕРІГІҢІЗ БОЛСЫН!

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ОРАЗА – 2022

АДАМНЫҢ ЖАНЫН ДА, ТӘНІН ДЕ САУЫҚТЫРАДЫ

Рамазан – қасиетті Құранның құтты аяттары түсе бастаған, жасалған ғибадаттары үшін еселеп сауаптар жазылатын, тілеген дұға-тілектер қабыл етілетін мүбәрак ай. Сондықтан бұл айда мұсылман баласының басым көбі ораза ұстап, ауызашар беруге, сауапты іс жасауға асығады. Біз бүгінгі тақырыпта ораза тұтудың пайдасы және оның сауабы төңірегінде сөз қозғағанды жөн көрдік.

Күнәлар кешірілетін ай

Иісі мұсылман баласы үшін отыз күн ораза тұту міндеттелген. Осы тұрғыда оразаның қандай пайдасы бар дегенге аз-кем тоқталсақ. Ораза тұтудың сауап тұрғысынан да, адам ағзасына да пайдасы мол екендігі әлдеқашан-ақ дәлелденген. Батыста кейбір ауруларды аштықпен емдеп жазуды жаңалықтай қабылдаса, мұсылман дүниесі оны оразамен-ақ әлдеқашан тәжірибеге енгізген. Ораза тұтқан кісі қандай сауапқа және дәрежеге ие болады дегенге келсек, Алла Тағала бұйырады: «Адам баласының бүкіл істері өзі үшін, ал ораза болса, мен үшін. Сол себептен, ораза тұтқан кісінің сауабын жеке өзім беремін». Яғни ораза – бұл пенде мен Жаратушының арасындағы сыр болып есептеледі. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) хадистерінде оразаның қасиеті туралы: «Рамазан айы кіріп келгенде пейіштің бүкіл есіктері айқара ашылады, тозақтың есіктері жабылады, жын-шайтандардың азғыру істері кісенделеді. Кімде-кім шын ықыласымен сауабын үміт етіп, Рамазан айында отыз күн ораза тұтса, оның бұрынғы бүкіл күнәлары кешіріледі», – дегенін жақсы білеміз. Расында да, Рамазан айы жаман істердің тоқталатын айы және де Рамазан айының оразасы – өмірімізде небір қайғы-қиындыққа себепкер болатын күнәларымыздың кешірілетін айы.

Адамның денсаулығын жақсартады

Оразаның пайдасы жаныңды да, тәніңді де сауықтырады. Ауыз бекіту – ауруға қарсы

тұру жүйесін, яғни иммунитетті нығайтады. Лейкоциттің көрсеткішін он есеге жақсартады. Қандағы натрийдің көбеюін жоғарылатып, кальцийдің өсуіне кедергі жасайды. Асқазан жарасының пайда болуының басты себебі болатын, артық қышқылдың жиналуына қарсы тұрады. Ашығу кезінде кейбір тері аурулары жазылады. Әсіресе, асқазан мен ішек жұмысын толыққанды жақсартып, олардың белгілі бір уақыт аралығында тынығуына жағдай жасалады. Ашығудың адамның ішкі ағзаларға жиналатын майларды ерітуге септігі мол. Сондай-ақ, бүйрек, бауыр, сусамыр, жүрек пен тамыр ауруларына қарсы төзімділікті арттырады. Сондай-ақ, бауырдағы шекерлерді, тері астындағы май қыртыстарын, бұлшық ет, без, көкбауыр жасушалардағы протеиндердің кимылын жақсартады. Осының арқасында тіндерді тазалап, жанартып отырады.

Бауыр дертіне оразадан артық дауа жоқ

Асқазан әртүрлі коқыс-қалдықты апарып жинай беретін қойма емес. Оның да жүрісінен жанылатын, титықтайтын кезі болады. Ал ораза – асқазан үшін таптырмайтын ем. Ең қажетті дүние. Әрі рухани, әрі дәрілік диета.

Ораза ұстаған кезде, әсіресе күндізгі уақыттарда қандағы холестерин деңгейі төмендейді. Тамырдың жақтауларында қалып кеткен ескі холестерин, май қалдықтары бірте-бірте қан айналымына араласып, ериді. Әсіресе, қарт кісілерге үйір ауруларға қарсы тұрарлық күші бар. Мәселен, тамырдың қаттылығынан, жүйкенің шаршауынан,



асқазанға ылғи да қысым болатындығынан жүрекке күш түсетіндігі белгілі. Ораза тұтқан қариялар жүрек дертіне шағымданбайды. Тәулік бойы тынбай жұмыс істейтін асқазан оразаның арқасында орта есеппен күніне төрт сағат тынығады екен. Есептей беріңіз, отыз күн бойы тұтқан оразаның арқасында 120 сағат тынығады деген сөз. Бұл – асқазан үшін үлкен жеңілдік. Осы аралықта асқазан өн бойындағы шлактардан, артық майлардан арылып, жаңа күш жинап үлгереді. Ал бауыр дертіне оразадан артық дауа жоқ. Ағзаның барлық мүшелерінің қалыпты жұмыс атқаруына септігін тигізетін бауыр өтке май сіңіртуден бастап, иммунитетті күшейтуге де, барлық химиялық жағдаяттар бауырдың ішінде өтетіндігі белгілі. Медицина мамандары иммунитеттің әлсіреуі бауырға күш түсіруден деп есептейді. Ауыз бекіткенде бауыр да асқазан секілді тынығып, бір жасап қалады.

Есте сақтау қабілетін арттырады

Оразада су ішуден тартыну ағзаның

қуатын нығайтады, оқып-үйрену қабілетін жоғарылатады, зердені жақсартып, есте сақтау қабілетін арттырады. Оразаның барлық талабын сақтай білген адам өзінің құмарлығын баса алатын, тән тілегінен биік тұра алатын жан. Мұндай кісілердің мінез-құлқы, ерік-жігері күшті, өзі өте батыл болады.

Қалай десек те, парыз етілген оразаның құндылығын сипаттауға тіл, кереметін сезінуге сана жетпейді. Рамазандай ұлы айға жетіп тұрып әрі шамасы келе тұра, оның оразасын ұстаудан құр қалған адам барша жақсылықтан да мақұрым қалмақ. Өйткені, Алла елшісі (с.ғ.с.): «Рамазан – береке айы. Алла Тағала бұл айда күнәларды кешіреді, дұғаларды қабыл етеді. Бұл айдың құнын біліңіздер! Тек жаһаннамға баратын адам ғана бұл айда рахметтен мақұрым қалады», – деген. Мынаны есте ұстаңыз, Алла Тағала бір амалды парыз етсе, онда оны орындау үшін күш-қуат пен мүмкіндікті де қоса беретінін ұмытпаңыз!

Себебі, Алла Тағала ешкімге шамасы келмейтінді жүктемейді. Оразаның сауабынан құр қалмаңыз, ағайын!

МӘСЕЛЕ

АУЫЗАШАР – САУАПТЫ ІС

Бүгінгі таңда кейбір шенділер, басшылар қоластындағы қызметкерлерге ауызашар беруді дәстүрге айналдырып келеді. Алайда, бұл жалпы қоғамдық дәстүрге айналмай отыр. Осыны бір ретке келтірсек қалай болар екен?..

«Alatau Aqparat» ЖШС-не қарасты «Almaty aqshamy», «Вечерний Almaty» газеттерінің ұжымы жылда ауызашар беруді дәстүрге айналдырып келеді. Рамазан айының бірінші күні Бас директор ауызашар дастарханын жайып, ізгілікті шараны ары қарай алып кетуге мұрындық болды. Одан кейін Бас редактор, бөлім басшылары да сауапты істі жалғастырып келеді.

Кез келген мекеме басшысы өзінің ұжымының ынтымақта, татулықта, бірін-бірі түсініп, айрандай ұйып отырғанын қалайды. Ал ислам діні әрбір адамды тек жақсылыққа, имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейтінін ескерсек, қасиетті ай саналатын – оразада ұжымға ауызашар беру – үлкен нығмет. Егер ауызашар беру әрбір басшының дағдысына айналатын болса, онда ол ұжымда береке-бірлік, ынтымақ, ұйымшылдық, татулық орнайтыны сөзсіз.

Сондықтан ұжымның ауызбіршілігін сақтау үшін осындай қасиетті айда әкімдерге, атқаміндерлерге ауызашар беруді міндеттесек, оның еш сөкеттігі жоқ шығар...

Біріншіден, ораза, ауызашар беруге мейрам, салт-дәстүр ретінде қарауымыз керек. Қазір шүкір дейік, тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап қайта оралған ата дініміз – Ислам елімізде едәуір қарқынды дамып келеді. Оның жарқын мысалы – еліміздің түкпір-түкпірінде күн санап ашылып жатқан мешіттер мен медреселер, Алланың жердегі үйі болған бұл қасиетті мекендерге келіп, Аллаға мінізат етіп, сөзінде бас қоюшылар қатарының көбейіп келе жатқандығын айтуға болады. Сондай-ақ, халқымыздың ынтымақ-бірлігі артып, көптеген ұлт пен ұлыс өкілдері дұрдараз болмай, бір үйдің баласындай тату-тәтті ғұмыр кешіп келеді. Мұның барлығы дініміздің дінгеінін берік қаланып келе жатқандығынан десек, артық айтқандық емес.

Жалпы, ауызашар беру – өте үлкен сауап. Тіпті, жолда кетіп бара жатып, кез келген аузы берік адамға бір дана құрма берумен ауызашар беру сауабына кенеледі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Кімде-кім бұл айда аузы берік бір адамға ауызашар берсе, күнәлары кешіріледі. Сол аузы берік адамның алған сауабындай сауап бұған да беріледі» деген. Яғни амалдардың ең құндысы – бір мұсылманды күнәдан арылту, қарнын тойдыру және мұқтаждығын беру арқылы

оны қуанту. Тіпті, Алланың өзі тамақ жегізетін жомарт құлы мен періштелеріне мақтанады. Тағы бір хадис шариғте былай делінген: «Досына оның жақсы көретін тамағын әперген адамның күнәлары кешіріледі». Демек, дос-жарандарға тамақ беру садақа беруден абзал болады.

Қалай десек те, Рамазан тек асқазанға дамыл беріп, денсаулықты түзету ғана емес, бұл – жандүниемізді тазарту, яғни рухани денсаулығымызды емдеу болып табылады. Сондықтан ауқатты кісілер, әкімқаралар, әртүрлі мекеме басшылары өздерінің ұжымдары арасында ауызашар беріп, кейдік-кепшіктерге көмектесіп отырса, бұл адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігін арттырып, ерекше сезімге бөлейтіні сөзсіз.

Бұл жерде әркімнің өзінің ниетіне байланысты. Егер ниет түзу болса, әрбір адам өзінің жүрек қалауымен ауызашар беретін болса, сонда ғана оның әрекеті қабыл болады. Дегенмен, бұл ретте біз оразаның, ауызашар берудің үлкен сауапты іс екендігін көпшілікке насихаттай беріміз керек. Біз алдымен оразаның, ауызашардың құндылығын, үлкен сауапты іс екендігін көпшілікке жан-жақты насихаттайтын болсақ, онда бұл әрбір ұжымда міндетті түрде орындалатын болады.

Сонымен бірге, қоластындағы ауыз бекіткен қызметкеріне жағдай жасау, ораза кезінде ондай адамның жұмыс салмағын жеңілдетіп, кабинетіне салқындатқыш қосып

беріп, реті келгенше ауыз бекіткен қызметкерін сыртқа көп жібермей мүмкіндік жасаса, осының өзі үлкен қолдау болады. Таңнан күн батқанға дейін ауыз бекіту оңай емес. Сондықтан ондай жандарға құрметпен қарап, жұмысына ыңғайлы жүктеме беріп, олардың көзінше шай-тамақ ішпей, көңілін алаңдатпай жүріміз керек. Бізде ауыз бекітудің сауапты іс екендігі, ораза ұстаудың қыр-сыры толық айтылады да, алайда ауыз бекіткен адамдардың қасында жүргендердің ораза ұстағандарға қалай жағдай туғызу керектігі туралы ақпарат мүлдем аз. Сондықтан осы жағынан да үгіт-насихат жұмыстарын көбірек жүргізіміз дұрыс секілді.

Қасиетті айда ауызашар беруді міндеттеу біздің заңымызда жазылмағанымен, бұл – Алланың құлдарына жеткізген міндеті. Сондықтан жағдайы келген әрбір адам, оның ішінде ұжым басшылары ораза айы кезінде ауызашар беруді дәстүрге айналдырса, бұл өте қуанарлық іс болар еді. Қазір Қазақстанда ислам дінін ұстана-тындар басым. Осындай сұрақтың туындауының өзі біздің қоғамда ислам құндылықтарының жоғары екендігін аңғартады. Сондықтан бұл реттегі үгіт-насихатты біз көбірек жүргізетін болсақ, ұжым басшылығында өз Отанын сүйетін, дініне берік адамдар отыратын болса, уақыт өте келе бұл дәстүрлі түрде өзінің орындалатын болады.

Бетті әзірлеген
Серік ЖҰМАБАЕВ.

ОРАЗА–2022

«РАМАЗАН ШАТЫРЫ»

Алматыда күнделікті 500 кісіге ауызашар дастарханы жайылады

Қала көшелерінде шаһардағы Орталық мешіт ұжымының ұйымдастыруымен 25 тонна су мен Меккеден арнайы алдырған 2 тонна құрма 100 мың адамға үлестірілді. «Биыл қаладағы 52 мешіттің 47-сінде тарауих намазында «Құран хатым» түсіріледі. Қалған 5 мешітте Тарауих намазы «Құран хатымсыз» оқылады. Рамазан – құран айы. Сол себепті, осы айда қала мешіттерінде Құран әліппесі мен намаз үйрету курстары жүргізіледі», – деді Алматы қаласының бас имамы Төлеби Оспан.

Шаһардың бас имамының айтуынша, Алматы Орталық мешітінде «Рамазан шатыры» құрылып, күнделікті 500 кісіге ауызашар дастарханы жайылады. Сонымен қатар, қаланың басқа мешіттерінде де ауызашарлар беріледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТЕННИС



Финалға бір қадам қалды

Отандық теннисшілер Мароккодағы жарыстың жартылай финалына шықты.

Қазақстандық теннисшілер Андрей Голубев пен Александр Недовесов жұптық сында Марракеш (Марокко) АТР 250 жарысының жартылай финалына шықты.

Айта кеткен жөн, жерлестеріміз бір жұп болып өнер көрсетіп жатқан жоқ. Александр Недовесов пәкістандық Айсам ул-Хак Курешимен бірге, Андрей Голубев француз Фабрис Мартенмен жұптасып бақ сынауда.

Александр Недовесов турнирдің жартылай финалына бірінші боп шықты. Марракештегі жарыстың 1/4 финалында қазақстандық-пәкістандық жұп итальяндық қарсыластары Марко Чеккинато мен Лоренцо Музеттиді екі сетте айқын басымдылықпен жеңді. Есеп – 7:5, 6:3.

Александр Недовесовтен кейін Марракештегі АТР 250 турнирінің 1/2 сатысына Қазақстанның бірінші нөмірі Андрей Голубев шықты. Француз спортшысы Фабрис Мартенмен бірге ол жергілікті Эллиот Беншетрит/Ламинин Уахаб дуэтінен басым түсті – 6:3, 7:6 (7:4). Жартылай финалда Голубев пен Мартеннің қарсыластары итальяндық Андреа Вавассори мен поляк Ян Зелинский болады.

КЕРЕК ДЕРЕК

Спорт әлемінің қызықтары

Назарларыңызға спорт әлеміндегі көпшілік біле бермейтін қызық деректерді ұсынамыз.

- Сөзбе-сөз аударғанда таеквондо «қол (жұдырық) және аяқ жолы» дегенді білдіреді. Қазақстан таеквондо федерациясы (WT) 1991 жылы әлемнің алты дүркін чемпионы, түрік және Қазақстан таеквондо мектептерінің негізін қалаушы Мұстафа Өзтүрік бастауымен құрылды.

- Триатлондағы олимпиадалық рекордтар тіркелмейді, өйткені жарыстың шарттары әр кезде әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, егер судың температурасы 24,5 градустан төмен болса, спортшыларға қалыңдығы 5 мм-ге дейін гидрокостюмдер қолдануға рұқсат етіледі. Бұл жүзу нәтижелерін жақсартады.

- 2002 жылы австралиялық спортшы Стивен Брэдбери Солт-Лейк олимпиадасының чемпионы атанды. Ол шешуші жарыста соңғы келе жатқан, бірақ қарсыластары соқтығысқанын пайдаланып, бірінші болды.

- Халықаралық үстел теннисі федерациясының мәліметінше, әлемде 300 миллионға жуық адам теннис ойнайды.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Чемпиондар анықталды

Үстел теннисінен Қазақстан чемпионатында командалық есептегі жеңімпаздар анықталды.



«Jenipraz» орталығында үстел теннисінен Қазақстан чемпионаты өтуде. Командалық сайыста Нұр-Сұлтан мен Шығыс Қазақстан облысының құрамалары ерлер арасындағы алтынды сарапқа салды. Елордадан келген спортшылар жекелей 4 кездесудің 3-еуін жеңіп, Қазақстан чемпионы атанды. Ерекше ойынымен Кирилл Герасименко көзге түсті.

Әйелдер арасындағы командалық финалда Шымкент пен Нұр-Сұлтан қалалары ойнады. Бұл жолы да жалпы есеп 3:1 болып, Нұр-Сұлтан қаласы тағы алтын жүлде иеленді.

Айта кеткен жөн, жалпы командалық есепте Алматы құрамасы ерлер арасынан 6-шы, ал әйелдер ішінде 5-орынға жайғасты.

ЖЕДЕЛХАТ

GGG-ГЕ ТІЛЕКТЕСТІК

Президент кәсіпқой боксшы, әлем чемпионы Геннадий Головкиннің туған күнімен құттықтап, жеделхат жолдады.

«Әуесқой және кәсіпқой бокстағы мансабыңызда өзіңізді бірегей спортшы ретінде таныттыңыз. Деңгейі өте жоғары жарыстарда еліміздің намысын абыроймен

қорғадыңыз, сондай-ақ Қазақстандағы және әлемдегі көптеген бокс жанкүйеріне қуаныш, жарқын көңіл күй сыйладыңыз. Табиғи талантыңыз бен еңбексүйгіштік қасиетіңіз спорт саласында зор жетістіктерге жетуге ықпал етті. Жастарымызға үлгі болдыңыз. Сіздің отандық бокстың дамуына үлкен үлес қоса беретініңізге сенімдімін», – деп жазылған Президенттің құттықтау жеделхатында.

Қасым-Жомарт Тоқаев спортшының шаршы алаңда ертең өтетін кезекті жекпе-жегінде жеңіске жетуіне тілектестік білдірді.

Геннадий ГОЛОВКИН:

ЕЛІМІЗДІ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТУ – мен үшін үлкен мәртебе



Геннадий Головкин өзінің Twitter-дегі парақшасында Мемлекет басшысына алғысын білдірді. «Қасым-Жомарт Кемелұлы, жылы лебізіңіз бен ілтипатыңызға көп рахмет! Елімізді әлемге таныту – мен үшін үлкен мәртебе. Қолдауыңыз үшін сізге және бүкіл Қазақстанға рахмет!», – деп жазды Геннадий Twitter-дегі парақшасында.

Әлем бәсекеге толы. Оның ішінде спорттың жөні бөлек. Әсіресе, бокс қажыр-қайратты көп қажет етеді. Олимп шыңын бағындыру үшін адам баласында төзім мен табандылық қатар жүрсе, озады.

Бүгін Жапонияның Сайтама қаласында Геннадий Головкин мен Мурата арасындағы жекпе-жек Нұр-Сұлтан уақытымен сағат 15.00-де басталады.

Головкиннің әуесқой мансабы ұзаққа созылды әрі қанық, оқиғаға толы болды. Геннадий бокспен 8 жасынан бастап айналыса бастады. 1993 жылы оны облыстық бокстан өткен жарысқа оның бапкері жіберген болатын. Сөйтіп, дәл осы сайыстан 3 жеңіс әкелді. Бұдан кейін ол облыстық, республикалық және халықаралық бокстан жарыстарға үміткер болып қатыса бастады. Бүгінге дейін Геннадий Головкин өзінің қатысқан 350 жекпе-жегінде тек 5 рет қана жеңіліске ұшыраған болатын. 19 жасында шығыс боксында бірінші орын алады да,

2002 жылы бұл жеңісін тағы бір мәрте қайталайды. 2003 жылы Тайландта өткен боксшылар жекпе-жегінде өзінің 4 қарсыласының екеуін нокаутқа жібергені үшін бірінші орынды алады.

Өзінің алғашқы ресми кездесуін Головкин 11 жасында облыстық деңгейдегі жарыста өткізді. Онда ол өзінен үш-төрт жас үлкен қарсылас-тармен жұдырықтасты, сөйтіп сол жарыста жеңіске жетті.

- 2000 жылы Геннадий Головкин Будапештте жартылай орта салмақ дәрежесіндегі жастар арасында өткен Чемпионатта жеңіске жетті.

- 2001 жылы Шығыс Азиялық ойындардың финалында Дэниэль Гилді жеңді (15 – 3).

- 2002 жылы Астанада өткен командалық Әлем кубогында Қазақстан құрамасының құрамында күміс медальді жеңіп алды. Головкин жарыстағы барлық 4 кездесуінде жеңіске қол жеткізді. Топтық кезеңде Қазақстан – Әзербайжан сайысында Джавид Та-

гиевті жеңді (19–8), ал Қазақстан–Камерун арасындағы додада Фостер Нкодоны мерзімінен бұрын жеңді (RSCO 3). Жартылай финалдық Қазақстан–Ресей кездесуі кезінде Андрей Балановты жеңіп шықты (10–7). Ал жалпылай санағанда 7–5 есебімен кубалықтар жеңімпаз атанған Қазақстан–Куба финалдық жарысында Дамиан Остинды жеңген болатын (6–4).

- 2002 жылы Пусанда (Оңтүстік Корея) алтын медальді еншіледі. Финалда Пхленчит Сурияны нокаутқа жіберді.

- 2003 жылы Бангкоктегі Әлем чемпионатында алдымен ресейлік Матвей Коробовты, кейін әйгілі ирландиялық Энди Лиді ірі есеппен жеңіп, содан соң болашақ әлем чемпионы – Лучиан Бутені нокаутпен жеңіп, жартылай финалда кубалық Йорданис Деспанноны жеңіп, финалда украиналық боксшы – Алексей Машкинді нокаутпен құлатып, алтын медальға ие болды.

- 2004 жылы Пуэрто-Принсесте (Филиппин) алтын медальді жеңіп алды. Ширек финалда оңтүстіккореялық Дук-Жин-Чоны, жартылай финалда қырғыз Қымбатбек Рысқұловты жеңіп, финалда жергілікті боксшы Кристофер Каматты 2 раундта тоқтатты.

The Ring журналына сәйкес P4P салмақ дәрежесіне қарамастан, үздік боксшылардың ондығына кіреді. 2013 жылдың соңында WBA тұжырымы бойынша, орта салмақ дәрежесіндегі қазақстандық суперчемпион Геннадий Головкин беделді америкалық USA Today басылымының нұсқасы бойынша «Жыл боксшысы» атанған болатын.

Ол дүние жүзіндегі ең көп қаржы табатын спортшылар қатарында. Сонымен қатар, жарнамалардан да қыруар ақша түсіріп жүр. Осыдан біршама жылдар бұрын Америка Құрама Штаттарына қоныс аударып, негізгі жеңістеріне қол жеткізді.

2015 жылы 18 қазанда қазақстандық Геннадий Головкин мен канадалық Давид Лемье арасында біріктіруші айкас өтті. Бәске Головкиннің WBA, WBC Interim, IBO және Лемьенің IBF белбеулері қойылған еді. Бұл айкас екі боксшының да ақылы көрсетілімдердегі тұңғыш кездесуі болды. Қазақстандық гонорар ретінде \$ 2 000 000 алса, канадалық \$ 1 500 000 алды. Гена Давид Лемьені 2-раунд басталған кезде, нокаудқа жібереді. Осылайша жеңіске жетті.

Бетті дайындағандар
Олжас ЖОЛДЫБАЙ,
Дос АТАЖАН.

ТУҒАН ӨЛКЕСІ

Головкин Геннадийұлы 1982 жылы 8 сәуірде Қарағанды өңірінің Майқұдық елді мекенінде дүниеге келген. Жастайынан спортқа құштарлық танытқан. Жүгіру, секіру сияқты түрлі жаттығуларға қатысқан.

Жас кезінде өте ұяң бала болған. Өзгелермен бала күнінде жаға жыртысып, артық қылық байқата қоймаған. Оны ешкім былғары қолғап шебері атанады деп күтпеген. Ол өзі ешкімнен кем еместігін дәлелдеуді мақсат тұтқан.

ДОДА СӘТІ

Айта кетейік, Қазақстандық боксшы Геннадий Головкин мен жапониялық Риота Мурата жекпе-жегінің уақыты белгілі болды.

Екі боксшы да рингке ұзақ уақыттан бері шықпаған. Головкин кейінгі жекпе-жегін 2020 жылы желтоқсанда өткізсе, Мурата кейінгі рет 2019 жылы желтоқсанда жұдырықтасқан.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 8 айға – 4804 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 8 айға – 12964 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 8 айға – 3524 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Алмалы ауданының сотына Алматы қаласы, Катаев көшесі, 98-үй, 29-пәтер мекенжайында тұратын Титенок Александр Николаевичтан 1985 жылы 12 мамырда туған Алматы қаласының тумасы Морозова Анастасия Александровнаны хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы өтініш келіп түсті.

А.А.Морозованың орналасқан жері туралы мәліметтер білетін тұлғалар мына мекенжай бойынша: индекс 050051, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 267, Алмалы аудандық сотына осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде хабарлауларыңызды сұраймыз.

КИНОКЕҢІСТІК

Лас-Вегасқа жолдама

Алматыда «Маша мен Дударай» фильмінің көрермендері арасында ұйымдастырылған «Кинотеатрдан – Лас-Вегасқа!» атты ұтыс ойыны өз мәресіне жетті.

Ойын шарты өте жеңіл болды. Оған Kinopark және Kinoplex желілерінен «Маша мен Дударай» фильмін көріп, купон толтырғандар қатысты.

Tiger Films продюсерлік компаниясы түсірген «Маша мен Дударай» романтикалық хикаясы 10 ақпанда прокатқа шықты. Сол күні басталған акция 10 наурызға дейін жалғасты. Ұтыс ойынын өткізуге IBC group компаниясы қолдау көрсеткен. Іс-шара әлеуметтік желіде тікелей эфирде көрсетілді. Әлемдік шоу-бизнестің орталығы Лас-Вегасқа жолдама Сарыағаш қаласының тұрғынына бұйырды. Көрерменнің ықыласына бөленген «Маша мен Дударай» қазір көрші елдерде көрсетіліп жатыр.

«Бұл – тарихта болған оқиға. Орыс қызы қазақ жігітке ғашық болған. Ерекше махаббат хикаясы. Осыны біз жаңа леппен, заманауи тұрғыда түсірдік», – дейді актер Тәуекел Мүсілім.

«Бұл – менің алғашқы үлкен рөлім. Фильм қазір Қырғызстанда көрсетіліп жатыр. Ал 28 сәуірден бастап Әзербайжанда көрсетіле бастайды», – дейді актриса Мария Петлюх.

Романтикалық жанрдағы фильмді Қытай кинотеатрларында көрсету жоспарда бар. Сондай-ақ, продюсерлік орталық жақында Германия кинотеатрларымен де келіссөз бастамақ.

Ақтолқын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

«Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының бұрынғы Білім және ғылым министрі, Парламент Сенатының депутаты, қаланың ардагерлер қозғалысының белсенді мүшесі

Шәмша Көпбайқызы БЕРКІМБАЕВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы қаласы Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі мемлекет және қоғамдық-саяси қайраткер, Қазақстан Республикасының бұрынғы Білім министрі, Халықаралық педагогикалық білім беру академигі

Шәмша Көпбайқызы БЕРКІМБАЕВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ПАЙЫМ

«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға...»

Епті болсаңыз, бәріне қол жеткізесіз



Бүгінгі заманның талабы – ептілік. Оның сыртында шапшаңдық тұр. Осы екі қасиетті бойда тоғыстыра алғандардың озары анық.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Австралиялық дәрігер әрі психолог Зигмунд Фрейд «Әр адамның түйсігінде ешкімге айтпайтын тілек-арманы болады. Кейде өзі де мойындамайтын тым құпия қалауы болатыны рас» деп айтып кеткен екен. Жантану іліміне сүйеніп айтылған сөздің арғы жағында үлкен шындықтың шеті көрініп жатыр. Олай болатынының өз себебі бар. Ел арасында «Армандар орындалады немесе шындыққа айналады» дейді. Сәл мән беріп, зер салсаңыз, қуатты ой екеніне көз жеткізесіз. Әрбір адам ақылды, әрбір жан талапты. Ар жағындағы материалдық тұрғыдан алғанда ауқатты болу, бай адамға айналу өз еркіңізде.

Оған ешқандай шектеу жоқ. Адамзаттың психологиясымен айналысып жүрген мамандардың да кеңесі осы. Өйткені, сізге ешкім барлығын жақсы етіп бермейді. Бәріне біртіндеп қол жеткізетін тек қана өзіңіз. Сондықтан әр уақытта өмірге позитивті қараған жөн. Фрейдтің айпағы да осы.

Уақытты ұтымды пайдалану. Біздер үшін ең қажетті нәрсе, ол – уақыт. Әрбір сағат маңызды. Әрбір сәт қадірлі. Онсыз алға қадам басу қиын. Біздер бұған дейін де үнемі осы тақылтес пайымдарды келтіріп жүрміз. Десек те, бір ғана материал, көлемінде жеткізіп, түгесіп тастау мүмкін емес екені анық. Сол себепті, әрдайым пайымдаулар мен сараптауларды ұсынып келеміз.

Болашақ бүгіннен бастау алады. Неге десеңіз, олай болатынының өз жөні мен жосығы бар. Біртіндеп, өз армандарыңызға жақындай түсіңіз. Жәймендеп орындалады. Барлығы соған байланысты. Бұрыннан келе жатқан «Асықпа, бірақ үнемі қозғалыс жаса» деген сөз бар. Бұл адамға сондай мотивация беретін пікір деп білеміз. Бұған дейін де айттық. Егер адамның алдына қойған мақсаты, мына деңгейге жетемін деген мүддесі болмаса, барлығы далбаса. Сонымен қатар, халық арасында әрдайым қиыншылықты күліп жең дейді. Тегі, рас айтылған ой.

Өз заманының данышпаны, хакім Абай атамсыз адам жаны туралы тереңдете жырлаған. «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға...» дейді. Арғы сөйлемдері басқалай жалғасса да, берер ойы тым ауқымды. қазіргі кезеңге шақ келіп тұрғандай, Көзқаракты азамат осыдан біраз ой түйіп, алға қарай талпына алады. Арасынан қажеттісін алып, кәдесіне жаратады.

ТҮЙІН: Қазақ халқы – дана ел. Біздің жұртымызда «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп жатады. Әрдайым мақсатың айқын болу керек сияқты. Онсыз қимыл болмайды, әрекет жасап та қатырмайсыз. Сондықтан әрқашан өзіңіздің тура бағытыңыздан танбаңыз. Сонда сізден мықты азамат шығады деген ойдамыз. Епті болсаңыз, бәріне қол жеткізесіз демекпіз.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



ТЕАТР

Сезімді тербеткен

М.Әуезовтің «Қарагөз» қойылымында Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актерлері қос ғашықтың махаббатын шебер жеткізе білді. Драма көрермендердің көңілін сергітті. Дыбыс пен динамикаға, сезімге толы саундрама жұртшылықты баурап алды.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бұл пьесаны бұрын феодалдық заманның әділетсіздігі, жаңа мен ескінің тартысы, екі жастың арасындағы махаббат, қос ғашықтың қосыла алмауы, ескі салт-сананың үстемдігі туралы деп қабылдап келгеніміз жасырын емес.

«Бұған дейінгі «Қарагөздің» бәрі КСРО саясатының ықпалында болған «Қарагөздер» сияқты еді. Ал жаңа, тәуелсіз Қазақстанның, Тәуелсіздік кезінде туған ұрпақтың қойған «Қарагөзі» бөлек. Сондықтан бұл жерде ұлттық код та, рухани жаңғыру да – бәрі бар», – деді режиссер Фархат Молдағали.

Тыңнан түрен тартқан театр қойылымы қос ғашықтың қатыгез тағдырын бейнелеп, аталас ағайынның жеті атаға толмай қыз алыспайтынын айшықтап береді. Көршілердің күнкілі мен жекжаттардың желең сөзін суреттеген саундрамада әуенмен әрлеу лайв түрінде орындалды.

«Театрға алғаш рет келуім. Қойылым көңілімнен шықты. Мектеп қабырғасында оқып жүрген кездерімізде «Қарагөзді» оқыған едім. Шығарма желісін білетіндіктен біраз бақылады. Алайда, актерлар кейіпкерлерді шебер ойнады. Алдағы уақытта театрда ұйымдастырылатын спектакльдерге келемін деген сенімдемін», – дейді Гүлдана Нұрсапа есімді көрермен.

Қорғансыздың күнін кешіп, сүйгеніне сүрінбей жетуі үшін салттан аттай алмаған қос бейбақтың бақытсыз тағдырын тәпсірлеп берген қойылым келген жұртты елітпей қоймады.



БІЛГЕНІҢІЗ ЖӨНІ

Қыздар, қыздар, сұлусыңдар!

Бибісара – рекордтар
кітабында

Қазақстандық шахматшы Бибісара Асаубаева Гиннестің рекордтар кітабына енді. Бәрекелді!

Иә, ең жас әлем чемпионы атанған Бибісарамыз 17 жасында осы ұйымның арнайы сертификатына ие болды. Бұл туралы Спорт және дене шынықтыру істері комитеті мәлімдеді.

«Қыздар арасындағы блиц бойынша әлем чемпионы, қазақстандық Бибісара Асаубаева 2004 жылы 26 ақпанда дүниеге келген. Бибісара 17 жасында 2021 жылы 30 желтоқсанда Польшаның Варшава қаласында өткен блиц бойынша әлем чемпионатында жеңіске жетті», – делінген ресми хабарламада. Бұл – осы спорт түрі бойынша қазақстандық спортшылардың рекордтар кітабына алғаш енуі.

Сондай-ақ, осы чемпионатта қарақөзіміз жылдам шахматтан (рапид) 2-орынды иеленді. Шешуші партияларда Бибісара грузиялық тәжірибелі шахматшы-гроссмейстер Нану Дзагнидзені, өз отандасы Әсел Серікбайды жеңіп, чемпионаттың жеңімпазы халықаралық гроссмейстер Александра Костенюкпен тең ойнады.

Қазақстан тарихында тұңғыш рет ересектер арасындағы әлем чемпионатының триумфаторы Бибісара Асаубаева Тараз қаласында дүниеге келген. Ол – әйелдер арасындағы гроссмейстер (2019). Ерлер арасында халықаралық шебер (2020). Блиц бойынша әлем чемпионы (2021).

Ақнар ат мінді



Бейжің Олимпиадасында танылған қандасымыз Ақнар Адакқызына арнап ауылдастары той жасап, ат мінгізді.

Күні кеше өткен XXIV қысқы Олимпиада ойындарында Қытай құрамында өнер көрсеткен қандасымыз Ақнар Адакқызына ауылдастары, яғни Шыңжаң өлкесінің Құтыби ауданына қарасты Тасбаспалдақ ауылының жұрты қазақ салты бойынша осылай құрмет көрсеткен.

Бұл туралы көпшілік әлеуметтік желіде қуана бөлісіп жатыр.

Ақнар Адакқызы 1999 жылы Қытайда дүниеге келген. 5 жасынан коньки тепкен. Кәсіби спортқа 10 жасында қадам басқан. 2014 жылы Шыңжаң қысқы ойындарында қатарынан 5 рет чемпион атанған. Сөйтіп, 15 жасында ресми түрде Шыңжаң құрамасының мүшелігіне өтіп, ұлттық жарысқа қатысу құқығына ие болған. Ал 2016 жылы Қытай ұлттық құрамасына алынады. Ақнар Адакқызы конькимен жүгіруден 2018-2019 жылғы Ұлттық чемпионатта әйелдер арасында 5000 метр қашықтық бойынша чемпион атанды. Ал Жастар арасындағы конькимен жүгіруден 2019-2020 жылғы Әлем кубогының екі кезеңіне қатысқан Ақнар Адакқызы алтыннан алқа таққан.

XXIV қысқы Олимпиада ойындарында Қытай құрамында сынға түскен Ақнар Адакқызы 5 ақпанда әйелдер арасындағы 3000 метрге конькимен жүгіру жарысында 4:12.28 уақытымен 17-орынға, 7 ақпанда 1500 метрге конькимен жүгіру жарысында 1:58.59 уақытымен 17-орынға ие болды. Сондай-ақ, 15 ақпанда спринтерлік көпсайыста Ақнардың командасы Норвегия командасын жеңіп, 5-орынды қанжығалады. Жат елде жүрсе де ана тілін ұмытпаған сүйкімді аруға біз де тілекшіміз.

2 келі далап «жейді»

Өмір қыздарсыз мәңгі, мағынасыз болар еді, ә?! Көркемдік, нәзіктік барлық жерді нұрландырып тұратыны ақиқат.

Жалпы, қыздар туралы қызықты дерек көп. Мәселен, бойжеткендердің 90%-ы өз мүсініне ешқашан көңілі толмай жүреді екен. Қыздар үшін бірінші кезекте адамның сыртқы келбеті маңызды, сондықтан олар өзінен ақылдырақ бойжеткендерді қызғана бермейтін көрінеді. Өмірінде 2 келі ерін далабын «жеп қояды». Қыздар ұсақ-түйек нәрселерге қатты мән береді. Олар жинала қалса, міндетті түрде жігіттер туралы әңгіме айтады. Егер қыз ғашық болып қалса, ол туралы кемінде бір құрбысы болса да біліп жүреді. Құпиясын, сырын жан адамға айтпай, ішінде сақтайтын қыздар өте сирек. Қыз бұрынғы жігітінің телефон нөмірін өшіріп тастаса да, жатқа біледі.

Егер қыз жігітке боянбай шықса, оны жақын тартқаны. Тек жақын адамдарына ғана арулар бояусыз көрінуден тартынбайды. Жігітімен кездесу кешкі сағат 10-да. Оған таңнан бастап дайындалады, бірақ бәрібір кешігіп барады. Жігітіне сыйлық тандауға орта есеппен екі аптадай уақыт жібереді. Қыздар сыйлыққа алған гүлін қурап қалғанша сақтайды. Олар кей кезде сыйлыққа емес, сыйлықтың сыртындағы қорапқа көбірек мән беретін көрінеді.

Әйел затының жүрегі ерлерге қарағанда 20%-ға, ал миы 10%-ға кішкентай. Қыз-келіншектер жұлдыз-жорамалға, келешекті болжаушыларға тым сенгіш. Еш себепсіз жылай салуы да мүмкін.

Әйел қауымы ерлерге қарағанда темір тұлпарды абайлап жүргізеді, оларда өзін-өзі сақтау инстингі жақсы дамыған.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қалалық зообағында Лаура мен Марат атты кенгуру жұбы жаңа төлді өмірге әкелді. Зообақтың баспасөз қызметі хабарлағандай, кенгурудың дәл қай күні туғанын анықтау қиын болып тұр. Себебі, кенгуру төлі өте кішкентай, көлемі небәрі 25 мм болады. Ол туыла салып, анасының қалтасына өрмелеп шығып, сонда жарты жыл бойы өсіп-жетіледі. Кішкентай кенгурудың өмірге келгенін зообақ қызметкерлері анасының жүріс-тұрысы, мінез-құлқынан байқап, түсінген.

«Кішкентай кенгуру шамамен қаңтарда туған. Бірақ біз оны тек наурызда ғана, анасының қалтасынан басын шығара бастаған кезде байқадық. Бұл – Лаура мен Мараттың төртінші төлі. Олар сусиырларға қарама-қарсы қоршауда тұрады. Кішкентай кенгуруды дұрыстап қарап, жынысын анықтауымыз керек. Оның есімін әлі қойған жоқпыз. Өз ұсыныс-нұсқаларыңызды жолдап, жазбаларыңызда пікір қалдырыңыздар. Кенгуруға қарайтын киперлер ұнаған есімді өздері таңдап алады», – деп жазды зообақ ұжымы Instagram парақшасында.